



SEMEI tany


№ 110 (19737) 11 қараша, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКИ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫН, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҒЫ

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидадтары, құндылықтары мен бағыттары бекітілсін.
- Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 5 қараша

(Қағидадтардың толық мәтінін 2-беттен оқи аласыздар)

АЯГӨЗ

Аягөз ауданында халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізіліп, маңызды мәселелерді шешуде нақты қадамдар жасалуда. Ауданның бүгінгі жағдайы мен болашағы туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабилжановтың Аягөз ауданы әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаровпен кездесуінде айтылды.

ӨКІЛЕТТІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ БІЛІК БІРЛЕСКЕНДЕ...



Кездесу барысында тұрғын үймен қамту, ауылдарға жоғары жылдамдықтағы интернет тарту, жолдарды жөндеу, электр желілерін жаңарту және ауыл шаруашылығын дамыту сынды ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер қаралды.

Абай облысындағы ең ірі, жалпы аумағы 4,9 миллион гектарды құрайтын Аягөз ауданында бүгінде 67 мыңға жуық халық тұрады. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаровтың айтуынша, соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты шаралар қолға алынған. Соның ішінде ең өзекті мәселе – тұрғын үймен қамту. Бұл ретте сатып алу құқығынсыз жалға берілген тұрғын үйлерді жекешелендіру туралы заң қабылданғаны белгілі. Аталған заңға сәйкес, Семей ядролық полигонынан зардап шеккен азаматтарға жалға алған үйлерін тегін жекешелендіру құқығы берілді.

Ауданның инфрақұрылымын дамыту бағытында да нақты жұмыстар атқарылады. Таяуда ғана Аягөз қаласында «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған 600 орындық жаңа білім ошағы пайдалануға берілді. Спорт кешенінің, Барақ батыр көшесіндегі өзен үстінен өтетін көпірдің құрылысына, сонымен қатар аудандық аурухана жанынан жансақтау бөлімін салуға қаржы бөлінген.

Ауыз су мәселесі де ерекше назарда. Бұл ретте республикалық бюджеттен Аягөз қаласы мен Байқошқар, Малғелді, Қопа, Мыңбұлақ ауылдарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қаражат қарастырылған.

Жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында да жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, ұзындығы 15 шақырым болатын Аягөз – Қарауыл, 15 шақырымдық Ақшәулі – Мыңбұлақ бағытындағы жолдарды және ұзындығы 5 шақырымды құрайтын Бидайық ауылының жолын жөндеуге республикалық бюджеттен трансферт арқылы қаржы бөлінді. Сонымен қатар өткен жылы Малғелді – Баршатас – Аягөз – Тарбағатай – Қызылжар бағытындағы республикалық маңыздағы жолды жөндеу жұмыстары басталған. Ал Қалбатау – Аягөз – Үшарал республикалық маңыздағы жолының жөндеу жұмыстары толық аяқталып, халық игілігіне берілгені белгілі.

Абай облысы әкімдігі, сондай-ақ Семей мен Курчатова қалалары және аудан әкімдіктері бірлесе отырып, өңірдің дамуына, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырамыз, деді халық қаулаушы Нұртай Сабилжанов.

Айбек Нұғымаров ауданның әлеуетін тиімді пайдаланып, инвестиция тарту, ауыл шаруашылығын дамыту және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

Бородулиха ауданының Новопокровка ауылында орналасқан жаңа өндіріс орнының ашылу рәсіміне облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

Кәсіпорын өңірдегі құрылыс компаниялары мен жергілікті тұрғындарды сапалы, экологиялық таза және бәсекеге қабілетті отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге бағытталған. Жобаның жалпы құны – 2 млрд теңге. Зауыттың жылдық қуаттылығы – 6 миллион дана керамикалық кірпіш. Аймақ басшысы зауыттың ашылуы облыс экономикасына тың серпін беретінін атап өтті.

«Бүгін біз өңіріміздің өндірістік келбетінің жаңа тарауын ашқалы отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық», деп өндірісті дамытудың мақсатын, инвестиция тартудың маңызын айқындап берген болатын. Бүгін өндіріс іске қосылып, өңір тұрғындарының қажеттілігіне қызмет еткізіліп отырған бұл кәсіпорын жылына шамамен 6 000 000 дана кірпіш өндіреміз. Бұл облыс және аудандардағы құрылыс материалдарының тапшылығын азайтып, өңір экономикасына септігін тигізеді деп ойлаймын. Аудан экономикасына үлкен қолдауын көрсетіп, осындай ауқымды жобаны жүзеге асырып жатқан жеке инвестор Қайырлы Хасеновке алғыс айтамын. Қазірдің өзінде 65 адам жұмыс істеп жатыр екен. Елу адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Бұл – аудан халқы үшін үлкен көмек. Биылғы мамыр айында облыстың даму жоспарын жариялаған болатынбыз. Осы жоспарға сәйкес Семей қаласында жаңа ықшам аудан құруды қол-



ға алдық. Мұнда көптеген жаңа құрылыс нысандары салынатын болады. Кірпіш зауыты құрылыс материалдарын дайындауға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан бүгін жұмысын бастағалы отырған өндіріске сәттілік тілеймін», – деді аймақ басшысы. «Шыңғыс Тас» ЖШС басшысы Қайырлы Хасеновтің айтуынша, зауыттың технологиялық процесі толық автоматтандырылған және энергия тиімділігі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қағидадарына негізделген. Өндіріс циклы саз балшықты өндіруден бастап, оны кептіру мен күйдіруге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Өнім сапасы ұлттық стандарттарға сай жоғары беріктік пен аязға төзімділікке ие.

«Жұмысымызды қарқынды түрде бастап кеттік. Бір миллион данадан астам кірпішті шығарып қойдық. Қазіргі таңда бірқатар ком-

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

КІРПІШ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

паниялармен көп қабатты тұрғын үйлер мен мәдениет үйлерін салу жөнінде келіссөз жүргізілуде. Шығыс Қазақстан облысынан да біздің өнімдерімізге сұраныс бар», – деді ол.

Жоба 2024 жылдың сәуір айында басталып, 2025 жылдың қазан айында толық аяқталды. Нысанда барлық құрылыс-монтаждау және іске қосу жұмыстары жүргізіліп, жабдыктар сынақтан өтті.

Биыл облысымызда жалпы құны 7,3 миллиард теңге болатын алты инвестициялық жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде 100-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды. Жыл соңына дейін құны 18,6 миллиард теңге болатын сегіз жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар аясында қосымша 271 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ӨЗЕКТІ

ЖЫЛУДЫҢ ЖАЙЫ НАЗАРДА

Абай облысында орталықтандырылған жылумен қамту жүйесіне 3 қала мен 5 ауданның елді мекендері қосылған. Бұл аумақтарда 46 жылу көзі мен 183 қазандық агрегаты жұмыс істейді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыс әкімінің орынбасары Серік Төленбергенов кеңінен тарқатты.

— Жылыту маусымы облыста 29 қыркүйекте басталды, алдыңғы жылдармен салыстырғанда ертерек. Семей қаласындағы 12 жылу көзінде қазандықтар мен жабдықтар жаңартылып, түтін-сорғыштар, сорғылар және басқа да энергия тиімді элементтер ауыстырылды. Нәтижесінде 13,6

шақырым тозған жылу желісі толық жаңғыртылды, – деп атап өтті С.Төленбергенов.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, Аягөз қаласында қуаттылығы жоғары үш жаңа қазандық орнатылып, жылу энергиясының профициті 17,7 Гкал/сағ деңгейіне жетті. Сондай-ақ 2,2 шақырым

жаңа жылу желісі тартылып, 3,9 шақырым ескі желі ауыстырылды. Жоба 2026 жылға қарай 1000-нан астам тұрғынды орталық жылумен қамтуға мүмкіндік береді.

— Курчатова қаласы мен бірнеше ауданда 9 жылу көзі мен 4 шақырым болатын желіге жөндеу жүргізілді. Нәтижесінде об-

лыста жылу желілерінің тозу деңгейі 59,3 пайыздан 55,6 пайызға, Семей қаласында 61,5 пайыздан 58,2 пайызға дейін төмендеді. Сонымен қатар, Семейде ұзындығы 23,8 шақырым болатын арна желісін қайта жаңғыртуға арналған 14 жоба әзірленді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Серік Төленбергеновтың айтуынша, экологиялық қауіпсіздікті арттыру мақсатында «Теплокоммунэнерго» МКК қазандықтардың күл шығару жүйелеріне автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу жобасын әзірледі. Ол ЖЗО-1, РК-1, Ғаббасов және Орталық қазандықтарында орнатылады.

Өз тілшіміз

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

- Телефондарыңыздағы Каспий банктің QR-ын ашасыздар;
- Газеттің аты тұрады;
- Жазылу кезеңін таңдайсыздар (6 немесе 12 ай);
- Жазылушының аты-жөні, телефон нөмірі сол парақшада;
- Газет жеткізілу мекенжайы (жолға сыятындай етіп қысқартып жазу керек);
- Төмендегі көк жолақты - «жалғастыруды» (продолжить) басу;
- Ары қарай ақша төлеу.



Kaspi QR

Жазылым үшін ақы төлеу

SEMEI
tany



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

КІРІСПЕ

Ішкі саясат – елді тұрақты дамыту үшін мемлекеттік институттарды жұмылдыруға және нығайтуға арналған мемлекеттік саясаттың аса маңызды саласы.

Қазақстанның жан-жақты жаңғыруына байланысты ішкі саясаттың негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бір жүйеге келтіретін жеке тұжырымдамалық құжат қабылдау қажеттігі туындады.

2022 жылғы конституциялық реформа еліміздің жаңа тарихындағы маңызды оқиғаның бірі болды. Бұл реформа мемлекеттің негізгі институттары арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы барынша әділ саяси жүйе құруға септігін тигізді.

Сондай-ақ, нарық қағидаттарына, әдал әрі еркін бәсекелестікке, ресурстарды әділ бөлу ұстанымына негізделген жаңа экономикалық саясатқа көшу үдерісі басталды. Ұлттық экономиканы дамыту ісі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтауға және халықаралық беделін күшейтуге бағытталған.

Әлеуметтік-гуманитарлық салада ауқымды өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Ғылым, білім және мәдениет озық ойлы ұлт болуға ықпал ететін басты үш тірек ретінде жарияланды.

Сонымен бірге, қазір әлемде геосаяси, экономикалық, климаттық, демографиялық және көші-қон факторларынан туындайтын түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жаппай цифрландыру ісінің және жасанды интеллектінің негізінде жаңа технологиялық тәртіп қалыптасып келеді. Бұл үдерістер қазіргі заманғы қоғамдардың әлеуметтік құрылымдарына, соның ішінде Қазақстанға едәуір ықпалын тигізеді.

Сондықтан, елді жүйелі жаңғыртудың жаңа кезеңінде мемлекет алдында ішкі саясат саласына қатысты мынадай екі деңгейлі міндет тұр.

Біріншіден, еліміздің ішкі және сыртқы ахуалға тиімді беімделуін қамтамасыз ету керек.

Екіншіден, мемлекеттік институттар мен қоғамның жасампаздық бағыттағы өзара іс-қимылының негізгі қағидаттарын айқындау қажет.

Бұл құжат ел дамуының келешегіне қатысты мемлекет пен қоғамның ортақ көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Құжаттың нормативтік және құқықтық негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Құжат Президенттің Қазақстан халқына Жолдаулары мен Қазақстан Республикасы Президентінің сөйлеген сөздері, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары негізінде, Ұлттық құрылтай мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың ұсыныстары ескеріле отырып әзірленді.

Ұсынылған басты қағидаттар, құндылықтар мен бағыттар негіздемелік сипатқа ие болып, мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыратын маңызды бағдарлар мен тәсілдерді ғана анықтайды.

1-ТАРАУ. ІШКІ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

1. Ішкі саясаттың мақсаты

Ішкі саясаттың мақсаты – мемлекеттілігімізді және ел бірлігін нығайту, елді тұрақты дамыту үшін қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Басты идея – баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты әрі өркениетті қоғам – Әділетті Қазақстанды құру.

Оны жүйелі жүзеге асыру үшін ішкі саясаттың «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты қағидаттары қалыптастырылды.

Мемлекет құру ісінің осы әмбебап қағидаттары ауқымды қоғамдық диалог жағдайында ұлтты одан әрі ұйыстыруға бағытталған.

2. Ішкі саясаттың қағидаттары

«Заң мен тәртіп» қағидаты

«Заң мен тәртіп» қағидаты – құқықтық мемлекеттің іргетасы, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарт.

Барша азаматтың заң алдында тең болуы, заң бұзған адамның жазасыз қалмауы, жоғары құқықтық мәдениеті қоғамдағы әділеттіктің негізі әрі өлшемі саналады.

Іс жүзінде бұл қағидат соттардың және құқық қорғау құрылымдарының тиімді жұмыс істеуі, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні енгізу арқылы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру және құқық қорғау жүйесіне қоғамның сенімін арттыру жолымен жүзеге асады.

Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар мен азаматтардың күш-жігерін жұмылдыру қажет.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының түпкі мәні – азаматтардың талап-тілегіне әділ және уақтылы ден қою, мемлекет пен қоғам арасында тұрақты әрі жүйелі диалог орнату.

Іс жүзінде бұл қағидат тікелей диалог, яғни, мемлекеттік органдар басшыларының халықпен кездесуі, сарапшылардың пікірталас алаңы, өкілді және консультативтік-кеңесші органдар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ашық үйімет порталы, «E-petition» онлайн-петициялар институты, азаматтар етініш білдіретін «E-Otinish» порталы сияқты пәрменді цифрлық байланыс арналары іске қосылуда.

Осындай ашық әрі нысаналы жұмыс мемлекеттік институттар мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.

«Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты

«Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты барлық мемлекеттік шешімдер қоғамның пікірі ескеріле отырып, елдің мүддесі үшін инклюзивті тәсіл аясында қабылданады дегенді білдіреді.

Бұл қағидат азаматтардың референдум мен сайлауда дауыс беруі, диалог алаңдары мен консультативтік-кеңесші органдардың жұмысы, қоғамдық пікірді тұрақты зерделеу арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтардың ортақ ұстанымына негізделген әділ әрі тиімді шешімдер мемлекеттігіміздің демократиялық тұғырын нығайтуға және елімізді орнықты дамытуға ықпал етеді.

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты биліктің осы институттарының өзара үйлесімді әрекет жасайтынын білдіреді.

Президент институты – мемлекеттік басқару жүйесінің ең негізгі элементі және стратегиялық шешімдер қабылдау орталығы. Мемлекет басшысы реформалар жасау туралы бастама көтереді, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

Парламент азаматтардың мүддесін білдіре отырып, қоғамдағы өзекті мәселелердің кеңінен талқылануын қамтамасыз етеді және заңдар қабылдайды.

Үкімет атқарушы органдар жүйесін басқарып, реформалардың тиімді іске асырылуына жауапты болады.

Бұл басқару моделі билік тармақтары арасындағы оңтайлы тепе-теңдік сақталған әділ мемлекеттік құрылымның жаңа институционалдық дизайнын қалыптастырады.

«Адал азамат» қағидаты

«Адал азамат» – азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының озық үлгісін қалыптастыруды және оны қоғамда орнықтыруды көздейтін қағидат. «Адал азамат» – заңды сыйлайтын, білімді, отаншыл, жауапкершілікті сезінетін, саламатты өмір салтын ұстанатын, адал еңбегімен табысқа жетіп, қоғамда сый-құрметке бөленетін азамат.

Іс жүзінде бұл қағидат білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісі, ауқымды ғарту жұмысы, мәдени-гуманитарлық жобалар, заңнамалық бастамалар, сондай-ақ, салауатты өмір салтын дәріптеу арқылы жүзеге асырылады.

«Адал азамат» қағидаты озық және әділетті қоғамның негізі болатын құндылықтар мен идеалдарды айқындайды.

«Таза Қазақстан» қағидаты

«Таза Қазақстан» қағидаты барша азаматқа ортақ жасампаз ой-сана жүйесін қалыптастырады.

Тазалық пен тәртіпті сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, табиғатты аялау ұлттық мінездің ажырамас сипаты болуға тиіс.

Бұл қағидат іс жүзінде қалалар мен ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру және тазарту, экологиялық ортаны жақсарту, вандализм мен мәдениетсіздікке қарсы күрес ісінде мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіретін «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында іске асырылады.

«Таза Қазақстан» – азаматтардың жауапкершілігін арттыру түсетін және қоғамда жаңа этика қалыптастыратын қағидат.

Осылайша, ішкі саясаттың бұл қағидаттары мемлекеттік құрылыстың бірыңғай бағдарларын айқындайды.

«Заң мен тәртіп» – құқықтық мемлекеттің негізі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – өзара іс-қимыл құралы.

«Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» – өзара түсіністік орнату жолы.

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» – басқару үлгісі.

«Адал азамат» – ойлау пайымы.

«Таза Қазақстан» – мінез-құлық пен жүріс-тұрыс этикасы.

Бұл қағидаттың барлығы Қазақстан қоғамына тән өмір салтының және ел болашағының бейнесі – Әділетті Қазақстанның бірыңғай формуласын құрайды.

Әділетті Қазақстан – заң үстемдігі берік орнаған, демократиялық институттары мықты дамыған және азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығы мұлтқисіз қорғалатын мемлекет.

Әділетті Қазақстан – елдің дамуына елеулі үлес қосатын жауапты әрі еңбекқор азаматтар қоғамы. Бұл – тарихи тұғырына нық орнығып, алға ұмтылған озық ойлы қоғам. Қазақстан болашақта технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуды көздейді.

Әділетті Қазақстан – жайлы өмір сүру, қызмет бабында өсу және бизнес жүргізу үшін баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекет. Бұл экономикасы барлығы жағынан инновацияға, ауқымды цифрландыру үдерісіне негізделген және жасанды интеллект технологиясы жаппай енгізіліп жатқан, қарқынды дамитын ел. Бұл – азаматтардың әл-ауқаты мен тіршілігі сапасын арттыруға басты басымдық беретін мемлекет.

Әділетті Қазақстан – инвестиция мен адам капиталын тартатын өңірлік орталық. Өзінің ұлттық мүдделерін ойдағыдай ілгерілететін, әділ әрі орнықты әлемдік тәртіптің қалыптасуын қолдайтын орта держава.

2-ТАРАУ. ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ НЫШАНДАР

1. Жалпыұлттық құндылықтар

Кез келген қоғамда адамдар арасындағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас қашанда белгілі бір ортақ құндылықтарға негізделеді.

Осы мақсатта Ұлттық құрылтай мүшелері тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі жалпыұлттық құндылықтардың тізбесін жасау туралы бастама көтерді. Сарапшылар мен азаматтардың ұсыныстарына, қоғам пікірін жүйелі зерделеу қорытындысына, пенаралық зерттеуге негізделген осы тізбеде дәстүрлі, жалпы адамзатқа ортақ және заманауи құндылықтар үйлесім тапқан.

Бұл құндылықтар жүйесі саяси және идеологиялық көзқарасына, экономикалық және мәдени факторларға, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, Қазақстанның барша азаматына ортақ.

Қоғамдағы әмбебап құндылықтар жүйесі – ішкі саясат саласындағы жұмыстың негізі.

Тәуелсіздік және отаншылдық

Қазақстанның тәуелсіздігі – ішкі және сыртқы мәселелерді өзіміз дербес шешу мүмкіндігімізді көрсететін құндылық. Бұл – ел бірлігінің және мемлекеттігіміздің қастерлі нышаны, оның мән-маңызы Президентіміз «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» деген бір ауыз сөзбен айқындап берді.

Қазақстандық патриотизм мемлекетке, оның рәміздері мен ұлттық мәдениетіне құрметпен қарау, еліміздің тарихи және рухани құндылықтарын қадірлеу, Отанымыздың бүгін мен болашағына жауапкершілікпен қарау деген мағынаны білдіреді. Азаматтардың отаншылдық қасиеті еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерге белсене атсалысу, Қазақстанның жалпыұлттық құндылықтарын ұстану арқылы көрініс табуға тиіс.

Тәуелсіздік пен отаншылдық бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Олар біздің қоғамның құндылықтар жүйесінің іргетасы саналады. Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жетістіктерімізді мемлекеттің және жауапкершілігі мол отаншыл азаматтардың жасампаз қызметі арқылы ғана сақтап, еселеуге болады.

Бірлік және ынтымақ

Бірлік және ынтымақ – қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің тұғыры саналатын құндылықтар, жаңа сын-қатерлер жағдайында олардың өзектілігі арта түседі.

Ел бірлігін сақтау және нығайту саясаты «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаға арқа сүйеді.

Ел бірлігі тарихи тағдырдың ортақтығына, азаматтық құндылықтар мен жалпыұлттық бірегейлікке, барлық азаматтың озық дәстүрлерді ұстануына, заң алдындағы теңдігіне, деструктивті, радикалдық және біздің қоғамға жат көзқарастарды қабылдамауына негізделеді.

Ынтымақ – баршамыздың бір елдің азаматы екенімізді сезіндіретін ұғым, ол ортақ мақсаттарға жету үшін бір-бірімізді қолдаудың және жауапкершіліктің маңызды екенін білдіреді.

Бірлік және ынтымақ құндылықтары елді жүйелі жаңғырту ісінде айрықша рөл атқарады, қоғамның реформаларды қолдау және азаматтардың стратегиялық міндеттерді шешуге атсалысу мүмкіндігін кеңейте түседі.

Әділдік пен жауапкершілік

Әділдік және жауапкершілік – қоғамда өзара сыйластықты, сенім мен келісімді нығайтатын, бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Әрбір азамат өзінің рөлі маңызды екенін және жеке жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін сезіне білуі керек. Бұл – шын мәнінде, орнықты, қарқынды дамитын және үйлесімді қоғам құрудың негізгі шартының бірі.

Әділдік пен жауапкершілік құндылықтары мемлекет пен азаматтар күш-жігерін біріктірсе ғана Әділетті Қазақстанды құруға болатынын көрсетеді.

Заң мен тәртіп

Тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң бұзған адамды тиісті жазаға тарту – мемлекеттің негізгі функциялары.

Елімізде қоғамға жат мінез-құлыққа қарсы имунитет, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеу», қатігездік пен зорлық-зомбылықтың ешбір түріне жол бермеу сияқты ұстанымдар берік орнығып жатыр.

Әрбір азамат заңды мүлтіксіз сақтау өзінің әл-ауқатын жақсартудың және еліміздің өсіп-өркендеуінің кепілі екенін түсінуге тиіс.

Заң мен құқықтық тәртіптің үстемдігі – тұрақты әрі өркениетті мемлекеттің тірегі.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақтың санасында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» формуласы берік орнығып келеді. Бұл – жауапты, еңбекқор, өз ісін сүйетін адам ғана шынайы табысқа қол жеткізе алады дегенді білдіреді.

Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, еңбек адамына құрметпен қарау әрі жеке кәсіби біліктілікті бағалау, масылдыққа қарсы әрекет ету мәдениетін қалыптастыру қажет.

Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтарын дәріптеу ел экономикасын дамыту үшін ғана емес, озық ойлы әрі бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін де маңызды.

Жасампаздық пен жаңашылдық

Жасампаздық пен жаңашылдық – идеялар мен инновациялар, цифрлық технологиялар және жасанды интеллект басты қозғаушы күш саналатын, индустриялық тұрғыдан дамыған әлемде еліміздің бәсекеге қабілетті болуының кепілі.

Озық ойлы қоғам құру үшін азаматтарымыздың өзгерістерге ашық болуы, жасампаздыққа ұмтылуы және креативті ойлай білуі маңызды.

Білімпаздық, сауаттылық, парасаттылық пен прагматизм қоғам менталитетінің ажырамас бөлігіне және әрбір азаматтың тұлға ретінде өсіп-жетілуінің негізгі факторына айналуға тиіс.

Жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын ілгерілету үшін ғартушылық қызмет және қоғамда ғалымдар мен педагогтердің мәртебесін дәйекті түрде көтеруге бағытталған жұмыс маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуы үшін қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын бүгіннен бастап орнықтыру қажет.

2. Жалпыұлттық нышандар

Елдің тарихи-мәдени ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық нышандардың тізімін жасау – әлемде кеңінен қолданылатын тәжірибе.

Ұлттық нышандар елдің өзіне тән ерекшелігін танауға, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және тарихи-мәдени мұрамызды сақтауға ықпал етеді.

Осы мақсатта жалпыұлттық нышандардың мынадай тізімі айқындалады:

ұлттық ұран – «Алға, Қазақстан!»; ұлттық түстер – аспан түстес көк, алтын сары түс;

ұлттық кітап нышаны – Абайдың «Қара сөздері»; ұлттық бірлік нышаны – шаңырақ; ұлттық музыкалық аспап нышаны – домбыра; ұлттық өсімдік нышаны – қызғалдақ; отандық өнім шығарудың ұлттық белгісі – «Қазақстанда жасалған», «Made in Qazaqstan»;

ұлттық хэштег – #Qazaqstan, #Kazakhstan.

Жалпыұлттық нышандардың осы тізімі елдің бірыңғай нышандар жүйесін және брендін қалыптастырады.

Ұлттық нышандар жалпыұлттық айдентиканың, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың, өкімшілік-аумақтық бірліктердің, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің, азаматтық қоғам институттарының базалық элементтеріне айналуға тиіс.

Ұлттық нышандар салтанатты рәсімдерді, қоғамдық-саяси, гуманитарлық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қолданылуы мүмкін.

3-ТАРАУ. ІШКІ САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Ішкі саясаттың басым бағыттарына мыналар жатады:

- қоғамдық диалог;
- этносаралық қатынас саласындағы саясат;
- дін саласындағы саясат;
- мәдени-гуманитарлық саясат;
- отбасы саясаты;
- жастар саясаты;
- ақпарат саясаты.

Қоғамдық диалог

Ашық және тұрақты қоғамдық диалог орнату үшін:

мемлекеттің азаматтық қоғамның барлық институтымен өзара байланыс орнату тетігін жетілдіру;

азаматтық қоғам институттарын дамытуға жазетті құқықтық, экономикалық және басқа да жағдайларды жасау;

шешім қабылдау ісіне азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының барынша араласуы;

қоғамдық кеңестер мен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы өзге де консультативтік-кеңесші органдардың қызметін жетілдіру; мемлекеттік органдар жұмысының айқын және ақпараттық тұрғыдан ашық болуын қамтамасыз ету;

қоғамдық пікірге үнемі мониторинг жүргізу қажет.

Этносаралық қатынас саласындағы саясат

Этносаралық қатынас саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын қоғамда дәріптеу;

қоғамдағы этносаралық келісім мен толеранттықты нығайту;

ұлттың, нәсіліне және басқа да белгілер бойынша кемсітудің барлық түріне түбегейлі қарсы тұру;

Қазақстан халқы Ассамблеясын этносаралық келісім саласындағы негізгі институт ретінде дамыту; мемлекеттік органдар, ұйымдар және азамат-

тық қоғам институттары этносаралық қатынастар саласында өзара тиімді іс-қимыл жасау; этносаралық қатынас саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жасау қажет.

Дін саласындағы саясат

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

мемлекетті дамыту ісінде зайырлылық қағидаттарын тұрақты түрде ілгерілету;

конфессияаралық келісімді және дінаралық толеранттықты нығайту;

дінді деструктивті мақсаттар үшін пайдалануға және діни наным-сенімді ұстануға біреуді мәжбүрлеуге жол бермеу;

діни радикализм мен экстремизм насихатына қарсы тұру;

дін



УАҚЫТМЕН ҮНДЕСКЕН АЛПЫС ЖЫЛ

SEMEI

Абай облысының орталығы Семей қаласына келсеңіз, қаланың барлық бұрышынан әуелі менмұңдалап телемұнара көзге түседі. Өзінің биіктігімен, асқақтығымен тамсандыратын нысанның бой көтергеніне алпыс жыл болды.

Құрметті «SEMEI» телеарнасының ұжымы!

Бүгінгі 60 жылдың асқарына көтерілген мерейтойларыңыз құтты болсын! Облыс орталығының ғана емес, аудан-ауылдардың тыныс-тіршілігін күнделікті эфирге шығарып, жұрт назарына ұсынатын жергілікті телеарна заман талабына сай өркендеу үстінде. Облыстың басты ақпарат айнасы саналатын телеарна еліміз бойынша теле-хабар таратудың бір арнасы арқылы жүзеге асырылатын «Multiplex» бағдарламалар жиынтығына енуі, «iD TV», «Отан» және әлеуметтік желілер арқылы хабар таратып отырғаны соның бір дәлелі.

Қызықты жаңалықтар, түрлі тақырыптар, мазмұнды бағдарламалар ұсыну жолындағы шығармашылық ізденістермен жүретін әріптестерімізге әрдайым жақсылық, сәттілік, қуаныш тілейміз!

Абай облысының даму көрсеткіштерін, өзекті мәселелерін жұрт назарына ұсынудағы жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Көгермен көзайымы болатын дүниелеріңіз көбейіп, абырой биігінде асқақтай беріңіздер!

Ізгі тілекпен «Semei tanu» газетінің ұжымы



барын алғаш көрген Абай ауданының тұрғындары болатын. Семей телестудиясының бірінші көрсетіліміне қатысқан аудандық партия комитетінің хатшысы Бәтташ Сыдықов кейіннен Семей облыстық телерадио комитетінің ұзақ жыл басқарған үшінші басшы болды. Арнада қазақ тіліндегі хабарлардың көбейіп, ұлттық мазмұнға сай бет-әлпетінің қалыптасуына мол еңбек сіңірді. Аға буын өкілдері, ардагер журналистер естеліктерінен біздің аймақта тілімізді, ділімізді сақтап қалу үшін Бәтташ Сыдықовтың талай тәуекелдерге барғанын, батыл шешімдер қабылдағанын білеміз.

Сол жылдардағы тележурналистиканың көрнекті өкілінің бірі - белгілі абайтанушы, Бас ақынның Семей қаласындағы республикалық музейін көп жылдар бойы басқарған Төкен Ибрагимов болатын. Ақпараттық байланыстың аздығынан, аудандар бір-бірінің жетістігі жайлы көп біле бермейтін. Төкен Смайлұлының табандылығымен «Ауданның телекүнделігі» сияқты тұрақты хабарлар шығарылды. Кинопенкалардың жетіспеушілігі ауыл өмірінен толыққанды хабар беруге мүмкіндік бермейтін. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін журналистер мен кинооператорлар жаз айларында елге шығып, бейнекадрлар мен фотокөріністер дайындайтын. Студияның дикторлары Зүлфия Омарова, Клара Бекенова, Борис Субботиндерге ерекше жүк артылған.

Семей телестудиясының қалыптасуындағы екінші кезеңінде қалааралық кабель желісі пайда болды және сол арқылы облыстық эфирге республикалық және орталық телевидение бағдарламалары көрсетіле бастады. Одақтық студиялардың барлығы секілді арнамыз жылжымалы телевизиялық бейнестанцияға (ПТВС) қол жеткізді.

1976 жылдан бастап Шүлбі кентінің құрылысы басталды. Одақтық маңызға ие құрылыстың басы-қасында күнітүні Семей телерадиокомпаниясының түсіру тобы таспалады. Ол кадрлар біздің архивте әлі күнге дейін сақтаулы. Режиссер Валерий Гельмановтың тынымсыз шығармашылық еңбегі арқасында Шүлбі құрылысын Кеңес Одағының халқы біліп отырды. Гидроэлектростанция құрылысының әр кезеңі сол уақытта түрлі түсті пленкаға түсіріліп, ұшақ арқылы Мәскеуге жіберіліп, орталық телевидение арқылы көрсетілген. Шүлбінің құрылысы аймақтың энергетикалық сұранысын шешедей деп, күллі газеттер мен радио, телевидение арқылы насихатталып жатқанда ядролық сынақтар құпияланып, қоғамнан жасырылған замандар еді...

Бұл жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов ұйымдастырған «Невада-Семей» қозғалысына алғашқы күндерінен бастап-ақ семейлік телевидение қызметкерлері қолдау көрсетіп отырды. Семей ядролық сынақ полигонын тоқтату жолында тележурналистер жергілікті билік өкілдерімен текетіреске де барған. 1989 жылдың 6 тамысында ұжымға шығармашылық және техникалық жағынан сын болған дүниелердің бірі, ядролық полигон жұмыстарының салдарын зерттеуге байланысты алғаш халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны насихаттау болды. Семей қаласында біреше күнге жалғасқан жиыға генералдар мен ғалымдар, белгілі қоғам қайраткерлері мен саясаткерлер қатысты. Халықаралық деңгейде ұйымдастырылған басқосуда айтылған келелі ойлар мен тартисты сұхбаттар жылжымалы телевизиялық станцияға (ПТВС) жазылып, Алматыдағы республикалық телерадио қорына жіберілді. 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигонын жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды. Семейлік мамандар түсірген деректі кадрлар ядролық сынақтарға қарсы түрлі форумдарда көрсетіліп, телефильмдерге арқау болды. Ал 1990-шы жылдардан бастап Семей ядролық сынақ полигонынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау мақсатында 10 жыл бойы Өскемен мен Семей қалалары арасында қайырымдылық телемарафоны өтіп тұрды.

1990 жылдары күрделі киноөндірісінен толығымен бас тартып, қымбат тұратын портативті бейнетаспаға түсіру қондырғыларына ие болды. Бұл көрерменмен кері байланыстың жақсы жақтарын ашып, журналистердің студияда отырып интерактивте жұмыс істеуді қа-

лыптастырды.

Семей арнасы жаңа мыңжылдықты лайықты хабарлармен қарсы алды. «Алшы түссін асығың» ток-шоуы, «Ұлылар еліне саяхат» телеэкспедициясы, «Сәрсенбінің сәтінде», «Орта толсын» әдеби-танымдық хабарлары, «Көкейкесті» тікелей эфир хабары, «Жұмадағы жүздесу» - иман әліппесі, «Бала, бала, балақан» - балалар шығармашылығы, «Ой, ішегім-ай» әзіп-сықақ хабарлары арнаның көрермендер аудиториясын кеңітті. Бұл кезеңнің жүгін аға буын - Ғазиз Құрмашев, Ершат Смайлұлов, Нәзір Мырзаханов, Сайра Нүсіпбаева, сол кездегі жас буын - Нұргүл Садықова, Раушан Мұқажанова, Алуа Искакова, Айдын Жанболатов, Роллан Кемербаев, Сәруар Қабдолла, Жігер Өзбергенов, Алмас Тоқабаев, Тілеген Әбішев, Волода Мусс, режиссерлеріміз - Евгений Проскурин, Альмира Құлмұхамедова абыроймен атқарды.

Уақытпен үндесіп, елмен жасасып келе жатқан арнамыздың тарихи-танымдық дүниелері жеткілікті. Соның бірі «Алаш» қозғалысына арналды. Тарихшылар «Семей - Алаштың жүрегі» деп бекерге айтпаған, басшылығында ұлт зиялылары, көрнекті тұлғалар тұрған барлық оқиға Ертістің жағасындағы шағын шаһармен байланысты. Журналист Сайра Қажыоспанның «Керегеміз - ағаш, ұранымыз - «Алаш!» тарихи-танымдық фильмі «Алаш» партиясының құрылуы, оның ұстанымы, ұлт зиялыларының ел үшін атқарған игілікті істеріне арналды. «Алаш» партиясы құрылуының 100 жылдығына орай SEMEI-дің бастамасымен Батыс Қазақстан облыстық АҚЖАЙҰҚ телестудиясы екі өңірдегі алаштанушы ғалымдар, журналистер, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен телекөпір ұйымдастырды. Батыс өңірінде жасақталған телеэкспедиция тікелей эфирден Семейге келіп, тағылымға толы алаш қозғалысына қоғамның назарын аударды.

Семей телевидениесінің мұрағатында ерекше сақталған дүниенің бірі - ЮНЕСКО көлемінде өткен ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойынан дайындалған деректі фильм. Өлемдік ойдың айыбына арналған салтанат ел тәуелсіздігін терең сезіндірген оқиға ретінде есте қалды. Уақыт өткен сайын таспадағы тарихқа қызығушылық артпаса, кеміген емес.

Телевизияның ішкі мазмұны жаңа қондырғылар іске қосылған сайын жаңғырып отыратын қасиетке ие. 1995 жылы Семей облыстық студиясына Бетакам (Betacam) қондырғылары әкелінді. 1997 жылы Жапонияның «Ишикавазима харима» және Түріктің «Аларко алсим» құрылыс компаниялары Ертіс өзенінің үстінен аспалы көпір сала бастады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, тұңғыш рет шетелдік инвесторлардың күшімен жүзеге асырылған осы құрылыстың барысына қазақстандықтар Семей телеарнасы арқылы кеңінен хабардар болып отырды. Жаңа қондырғы көрсетілім сапасын көтерді.

Ел өміріндегі айтулы оқиғаның бірі қазақ футболының 100 жылдығына байланысты. Қазақ футболының отаны Семей жеріндегі алғаш құрылған «Ярыш» командасының құрамында ойнаған заңғар жазушы, сол кездегі жас жеткіншек Мұхтар Өуезов жайлы хабар дайындалды. Оған Мұрат Мұхтарұлы секілді танымал тұлғалар қатысты. Сан мыңдаған жанкүйердің басын қосқан Қазақ футболының 100 жылдығы Семей қаласында жоғары деңгейде өтті. Оған алыстан ат арытып келген ардагерлер де, отандық спортшылар да, тікелей көрсетілім арқылы теледидардан тамашалаған жанкүйерлер де куә. Мерекелік салтанаттан дайындалған түсірілім Шығыс Қазақстан облысының Өскемен мен Семей телеарналарының бірлескен жобасы болған еді. Осындай ізденістерге қарамастан, Семей облысы жабылған 1997 жылы және қала бюджеті қысқарған 2005 жылы телеарна жабылып қала жаздады. Тек көрермендердің белсенді қолдауы арқасында жұмысын жалғастыруға мүмкіндік алды.

Абай облысының жаңадан ашылуы «Қазақстан» РТРК» АҚ-ның SEMEI телеарнасының жаңа тынысын ашты. Облыс әкімі Уәли Берік Уәлиұлы елдік мәселелерді көтеріп, ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген SEMEI телеарнасына Қазақстан журналистері күні қарсаңында арнайы келіп, ұжыммен танысты. Студияны аралап, техни-



калық жабдықтауымен танысып, журналистермен емен-жарқын пікір алмасты. Бұл жылы жүздесу соңғы жылдары күрделі жағдайларды басынан көшірген арна қызметкерлері үшін үлкен қолдау болғанын ерекше атап өткім келеді. Абай елі, Семей жері тұңғыштар мекені санатындағы қастерлі шаһар болса, SEMEI телеарнасы - аймақтағы ақпарат айнасы. Облыс әкімінің қолдауымен алпыс жылдық тарихы бар арна журналистері шет мемлекеттерде өткен өңіраралық форумдардан едел-ежел хабар тарату мүмкіндігіне ие болды. Телеарнамыз еліміз бойынша телехабар таратудың бір арнасы арқылы жүзеге асырылатын «Multiplex» бағдарламалар жиынтығына енді. Телеөнімдер «iD TV», «Отан» және әлеуметтік желілер арқылы хабар таратып отыр. Бүгінде жаңалықтар топтамасы күн сайын эфирге 5 рет беріледі. Көрерменнің сұранысы мен талғамы, жас ерекшеліктерін қамтитын түрлі бағдартағы 30 шақты бағдарлама дайындалады. Өлемдік және отандық медиатрендтерді ескере отырып арнамыздағы журналистер мен режиссерлердің, техникалық қызметкерлер мен операторлардың шеберлігін көтеру, шығармашылыққа негізделген жаңа технологияларды өндіріске енгізу тұрақты назарда.

SEMEI телеарнасының ақпарат айданында серіктестері көп, солардың бірі - Павлодар облыстық ERTIS арнасы. Қарт Ертістің жағалауына қатар қонған телеарналардың қызметіне биыл 60 жыл толды. Мерейтойлық шаралар аясында тамыз айында SEMEI телеарнасының ұсынысымен «Жиідебайдан - Жасыбайға» телеэкспедициясы ұйымдастырылды. Сапар қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы мен оның замандасы, ақын, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын насихаттауға арналды. Көрерменнің көзіайымына айналған қос арна мерейлі мерекені екінші қыркүйек күні өңіраралық телекөпірде атап өтті. Тікелей эфирге арнаның әр жылдағы ардагерлері шақырылып, бәрі қалай басталғаны, арна тарихындағы айтулы оқиғалар, қызықты жайттар жайында естеліктерімен бөлісіп, ұрпақтар сабақтастығы, жаңа медиа талаптары жайлы ойларын ортаға салды.

2025 жылдың күнтізбесіне дәл келген Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойы да жоғары деңгейде өтіп, телекүн-

делік арқылы қалың көрерменге дереу көрсетіліп отырды. SEMEI телеарнасы түсірген «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысы ұлттық арнада көрсетілді. Қайта құрылған Абай облысының тұрғындарына рухани олжа салған ақын тобы деректі фильмге арқау болды. Республикалық АВАI телеарнасының тапсырысы бойынша, ақын Көкбай Жанатайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Абайдан сабақ алдым бала жастан», «Дана Мұхтардың дара шәкірті - Көмен Оразалин» деректі фильмдері жарыққа шықты.

Тұңғыштар мекені Абай облысында Семей қаласы әкімінің алғашқы сайлауы өтті. Еліміз үшін аса маңызды саяси реформаның бастамасы болған саяси науқанда біздің тележурналистер тікелей эфирге шығып, сайлау туралы көрермендерге ақпарат берді.

Жалпы, биыл көптеген деректі әлеуметтік маңызға ие жобалар жасалды. Соның бірі - Мемлекет басшысының бастамасымен басталған Жұмысшы мамандықтары жылына, екіншісі - арнаның 60 жылдығына арналған «Семей телеарнасы» әнұраны. Жылдар бойы өзінің шығармашылық және техникалық күш-қуатын сақтап қалған, қазіргі заманғы технологияларды терең меңгеріп, кәсіби шыңдалған ұжым ізденісі жоғары бағаланды. Президенттің 2025 жылғы 24 маусымдағы Жарлығына сәйкес еліміздің журналистика саласының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін SEMEI телеарнасының бас редакторы Сайра Қажыоспанқызы Нүсіпбаева «Құрмет» орденімен наградталды. Арна дәстүр сабақтастығын жалғастырып, болашаққа сеніммен қадам баса береді. Бүгінгі заман талабына сай ақпарат берудің тәсілдерін көштен қалай менгеріп, әлеуметтік желіні қатар алып келеді. Әлбетте, контент жасауда жасанды интеллектіні де жан-жақты меңгеріп жатқан мамандарымыз бар.

Бұған қарашаның 14-і күні Абай кітапханасында өтетін Семей телеарнасының мерейтойына арналған мерекелік кеште куә бола аласыздар.

Нұрбек БЕКЕН,
«Қазақстан» РТРК» АҚ-ның
Абай облыстық филиалы «Semei»
телеарнасының директоры



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

ҚЫТАЙДА ШӘКӘРІМ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Сиань қаласында өткен «Бір белдеу – бір жол» бастамасына арналған халықаралық конференция аясында өткен бұл іс-шара ғылым мен мәдениет серіктестігінің жаңа белеске көтерілгенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Шәкәрім университеті мен Сиань Цзяотун университетінің серіктестігінің нәтижесінде ашылып, қазақ ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының есімін иеленген мәдени зерттеулер орталығы – Шәкәрім мұрасына арналған шетелдегі тұңғыш институционалды орталық.

Ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының ресми делегациясы: Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Қазақстанның Сиань қаласындағы Бас консулы Жошыхан Қыраубаев, Шәкәрім университетінің ректоры Думан Орынбеков, проректор Ерасыл Дулатбай және Шәкәрім университеті жанындағы «Шәкәрімтану» орталығының жетекшісі Тұрдықұл Шаңбай қатысты.

Халықаралық деңгейде ашылып отырған орталықтың басты міндеті – қазақ халқының рухани мұрасын, соның ішінде Шәкәрімнің философиялық ойларын Қытайда кеңінен таныстыру, сондай-ақ екі ел арасындағы мәдени және ғылыми байланыстарды тереңдету.

Мұнда келушілер қазақ және қытай тілдерінде Шәкәрімнің өмір жолы мен шығармашылығына қатысты тың директермен таныса алады. Сонымен қатар, қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі мәдени даму кезеңдері туралы

Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-инновациялық серіктестік жаңа кезеңге қадам басты. Өткен аптада Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Сиань Цзяотун университеті қабырғасында Шәкәрім университетінің қатысуымен мәні зор іс-шара өтті. Сиань Цзяотун университеті жанынан «Шәкәрім» Қазақ-Қытай мәдени зерттеулер орталығының салтанатты түрде ашылуы.



материалдар ұсынылады.

Орталық ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Шәкәрім университеті мен Xi'an Jiaotong University университетінің серіктестігінің нәтижесінде ашылып отыр.

Шәкәрім университетінің ректоры Думан Орынбеков Сиань Цзяотун уни-

верситетінің президенті Чжан Лицюньге және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне екі елдің академиялық және мәдени бастамаларын сенімге, ғылыми прогресс және өзара дамуға негізделген бірыңғай стратегияға біріктіргені үшін шынайы алғыс білдірді.

«Шәкәрім» Қазақ-Қытай мәдени зерттеулер орталығының ашылуы – ерекше мәнге ие тарихи қадам. Біздің университет қазақ ойшылы Шәкәрімнің атында. Сондықтан с «Шәкәрім» Қазақ-Қытай мәдени зерттеулер орталығының ашылуы біз үшін үлкен жетістік деп білемін. Шәкәрім университеті мен

Сиань Цзяотун университетінің арасындағы серіктестік мәдениеттер мен ұрпақтарды біріктіретін сенім мен достық кеңістігін қалыптастырады. Бұл орталық ғылыми-мәдени жағынан екі елдің жетістіктерін насихаттауға қызмет атқаратынына сенімдімін, - деді Думан Орынбеков.

Шәкәрім орталығының ашылуы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың интеллектуалды экономика мен мәдени дипломатияны дамыту стратегиясымен үндес. Мәдениет пен білім – адам капиталының өзегі және дамудың қозғаушы күші. Шәкәрім орталығы – сенімнің, серіктестіктің және танымға ұмтылыстың символы, - деп атап өтті вице-министр Гүлзат Көбенова өз сөзінде.

«Шәкәрім» Қазақ-Қытай мәдени зерттеулер орталығының ашылуы – Қазақстан мен Қытай арасындағы білім мен мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың жаңа белесі. Бұл орталық тек ғылыми ізденістер мен мәдени жобалардың алаңы ғана емес, сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әлемдік деңгейде насихаттауға бағытталған маңызды бастама деуге әбден болады.

Аталған орталықтың қызметі арқылы екі елдің ғалымдары мен студенттері бірлескен зерттеулер жүргізіп, мәдени тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады. Осылайша, «Шәкәрім» орталығы қазақ руханиятының шетелдегі жаңа шаңырағына айналып, Шығыс пен Батысты жалғайтын рухани көпір рөлін атқармақ.

Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

АУЫЛДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАМАНЫ

Бар білімнің бастауы – мұғалім. Қарапайым ауыл мектебінде күн сайын шәкірттеріне жаңа әлемнің есігін ашып жүрген мұғалімдердің еңбегі қашанда құрметке лайық. Осындай жаны ізгі, кәсібіне адал ұстаздардың бірі – шалғайдағы Ақсуат ауданына қарасты Тана мырза ауылындағы Тана мырза орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Серік Ахметұлы.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semey tany»

Серік Ахметұлы 1979 жылы Ақсуат ауданындағы Ойшілік ауылында дүниеге келген. 1996 жылы осы ауылдағы Тоғас батыр атындағы орта мектепті аяқтағаннан кейін Семей қаласындағы М.Өуезов атындағы педагогикалық колледжге түсіп, оны 1999 жылы «Бастауыш сынып және ағылшын тілі мұғалімі» мамандығы бойынша тамамдайды. Ал 2008 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін «Шетел тілі филологиясы» мамандығы бойынша бітіреді.

Кейіпкерімді 1999 жылдың 1 қыркүйегінде Тана мырза орта мектебінде ағылшын пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастады. Қаладағы жайлы өмірді таңдамай, ауылға келді. Ауыл балаларына сапалы білім беру жолында тер төгіп жүрген ол бүгінде шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған.

Ағылшын тілі – тек пән емес, бұл – мүмкіндіктер тілі. Мен балалардың сол мүмкіндікті көруіне, сенуіне жол ашқым келеді. Басты мақсатым – олардың армандарына қанат бітіріп, өмірде өз жолын табуына ықпал ету. Заман өзгеріп, технологиялар күннен-күнге дамып, қарыштап кеткен шақта ауыл балаларына ғаламдық ғылым мен инновация тілі ретінде ағылшын тілін үйретіп жүргенімді мақтан етемін, – дейді ұстаз.

Ұстаз сабақтарын түрлендіріп өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін заманауи әдістерді шебер қолданады. Әр түрлі сыныптан тыс шаралар да ұйымдастырып, әр баланың өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасайды. Балалардың тілдік қорын байыту мақсатында онлайн платформалар мен бейнесабақтарды жиі пайдаланады. Білікті ұстаздың шәкірттері аудандық, облыстық пән олимпиадалары мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға да ие болған. Өріптестері оны сабырлы мұнезі, еңбекқорлығы, шәкірттерге деген шексіз қамқорлығы үшін ерекше құрметтейді. Ал оқушылары Серік Ахметұлын жай ғана «teacher» емес, «жақын адамымыз» деп атайды.

Тәжірибелі мұғалім өзінің сабақтарында модульдік оқыту, дамыта оқыту сынды жаңа педагогикалық технологиялардың элементтерін жиі қолданығын айтады. Ағылшын тілі пәні мұғалімі ретінде қабілетті оқушыларды анықтап, жеке жұмыс жүргізеді. Пәндік олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанып жүрген оқушылары да бар. Пән мұғалімі

ретінде үздіксіз ізденіп, өзі де түрлі сайыстарға қатысып, семинарларда тәжірибе алмасуда. Жыл сайын өтетін пәндік секциялар отырыстарында үздік сабақтарын көрсетіп, әріптестерімен тәжірибе алмасып жүрген Серік Ахметұлы аудандық «Үздік ағылшын тілі мұғалімі - 2014» байқауында III дәрежелі дипломға ие болды. 2015 жылы аудандық «Тіл дарын» сайысында II орынды жеңіп алды. Сол жылы ағылшын тілінен пәндік блиц-турниріне оқушы дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды, ал 2016 жылы «Қазақстан ұстаздары» қоғамы ұйымдастырған ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған республикалық қашықтық олимпиадаға қатысып, I орынды жеңіп алса, 2016 жылы «Үздік ағылшын тілі пәні мұғалімі» аудандық байқауында жүлделі II орынды иеленді.

Өріптестері Серік Ахметұлы оқушыларын еркін ойлауға, өз пікірін ағылшын тілінде жеткізе білуге үйрету үшін әр сабағын шығармашылықпен өткізетінін айтады. Осындай ұстаздардың арқасында ауыл мектебінің беделі артып, білім сапасы жақсарып келеді. Ал ұстаздың арманы – ауыл балаларының ағылшын тілін жетік меңгеріп, әлемдік білім кеңістігіне еркін енуі. «Тіл білу – тұлға болудың алғы шарты» деген ұстанымды өмірлік қағидасына айналдырған ол шәкірттерін де осы жолға жетелейді. Бүгінде шағын ауылдағы қарапайым мектептен түлеп ұшқан шәкірттер университеттерде білім алып жүр. Сол жетістіктің артында Серік Ахметұлы сияқты білікті, ізденімпаз ұстаздардың ерен еңбегі жатыр. Ауылдағы әрбір мұғалім – өз ортасының шамшырағы.

Серік Ахметұлы осы уақытқа дейін бірнеше сыныпқа жетекшілік етіп, мектеп қабырғасынан түлетіп ұшырды. Шәкірттері мектеп ішіндегі түрлі шараларға белсене қатысып, алдыңғы қатардан көрінді.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Серік Ахметұлы - өнерге де жақын жан. Өлең жазып, ән айтып, шәкірттерін де шығармашылыққа баулиды. Бірнеше өлеңдері аудандық және қалалық басылымдарда жарық көрген.

Серік Ахметұлы - отбасында үлгілі әке, сүйікті жар. Жары Назыммен бірге ұл-қыз өсіріп, өнегелі тәрбие беріп отырған ауылдағы үлгілі отбасылардың бірі. Жары Назым да – осы мектепте мұғалім.

Мектепте «ағылшын ағай» атанып кеткен Серік Ахметұлының еңбегіне жетістік тілей отырып, шәкірттері биіктерден көріне берсін демекпіз.

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы ел дамуының жаңа кезеңін айқындап, экономикалық әртараптандыру, адами капитал сапасын арттыру және ғылым мен инновацияны дамыту бағытын нақтылады. Бұл стратегиялық бағыттарды іске асыруда аймақтық жоғары оқу орындарының, соның ішінде Шәкәрім университетінің рөлі ерекше. Университет бүгінгі таңда аймақтың ғылыми-инновациялық және кадрлық орталығына айналып, ел басшысы қойған басымдықтарды нақты іс-шаралар арқылы жүзеге асырып келеді.

ИННОВАЦИЯ - ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІ

Президент атап өткеніндей, инвесторға ең қажет ресурс – білікті маман. Шәкәрім университеті білім, ғылым мен инновацияны біріктіретін классикалық көпсалалы университет бола отырып, өз студенттеріне білім беру бағдарламаларының үлкен таңдауын ұсынып, білім беру бакалавриат, магистратура және докторантура сатыларында жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, университет ірі кәсіпорындармен, инвесторлармен және жергілікті бизнес құрылымдармен бірлескен жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеп, дуалды оқыту жүйесін кеңейтіп, отыр. Бұл бастамалар өңірдегі инвестициялық жобалар мен өнеркәсіптік аймақтарды кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған.

Университетте білім алушылар үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасы жақсы жолға қойылған. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяның Kyungdong University, Польша елінің Быдгощ Экономика университеті және Қытай Халық Республикасының Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетімен қосдипломды білім беру бағдарламалары табысты жүзеге асырылып отыр. Президент ұсынған шетелдік және отандық мамандарды тарту идеясы университет үшін үлкен мүмкіндік ашады. Шәкәрім университеті академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында шетелдік профессорларды шақырып, Ресей, Еуропа, Түркия елдерінде тәжірибе жинаған түлектерді университетке тарту, отандық ірі ғалымдарды білім алушыларға дәріс оқуға шақыру дәстүрге айналған.

тып, мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық гранттарға қатыса алады. Бұл бастама инновациялық ойлауды дамытып, жастардың ғылыми-зерттеу нәтижелерін нақты экономикалық пайдаға айналдыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, 2025 жылдың қаңтарында өткен «Қазақстан университеттері – ел дамуының драйверлері» атты Хакатон-2025 шарасында университет өлімдіздің жетекші жоғары оқу орындарын басып озып, абсолютті жеңімпаз атанды. Студенттер де аймақтық деңгейдегі осындай шараларға қатысып тұрады. Биыл қазан айында Абай облысында «Инновациялар. Тұрақтылық. Болашақ» тақырыбында аймақтық хакатон байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, инновациялық идеяларды қолдау және жаңа бастамаларды іске асыруға ынталандыру. Байқауға әртүрлі білім беру орындарынан 11 топ қатысты. Шәкәрім университетінің Бизнес және коммуникация жоғары мектебінің «Экономика және қаржы» кафедрасы екі топ ұсынды – Campus Team (Аманбекова Нұрай, Шайболат Мөлдір, Амангелдиева Дилара, Елмұхамбетова Назым) және Next Step (Оразбекова Анастасия, Нығметжанова Дильбар, Сейтқан Құралай, Түсіпова Камила, Зарипов Тлеухан).

Байқау қорытындысы бойынша Campus Team тобы бірінші орынды иеленді.

Шәкәрім университеті цифрлық технологияларды енгізу және жасанды интеллект саласында білім беру мен зерттеу



Ауыл шаруашылығы мен өндіріс саласы ғылымсыз дами алмайды. Осы бағытта университет агробиотехнология, цифрлық экономика, логистика және жасыл энергетика салаларында ғылыми зертханалар құрып, отандық Назарбаев университеті, Ресей, Түркия, Қытай және шетелдік университеттерімен бірлескен жобаларды жүзеге асыруда. Сонымен қатар, Шәкәрім университетінің ғалымдары 2023–2027 жылдарға арналған 53 ғылыми жобаны іске асыруда. Бұл зерттеулер халық шаруашылығының әртүрлі салаларын қамтиды.

Шәкәрім университеті инновациялар мен озық технологиялардың дамыған орталығына айналуы мақсат тұтады. Университеттің негізгі мақсаттарының бірі – цифрлық трансформация, жасанды интеллект, жоғары сапалы кадрлар даярлау және инновациялық жобаларды дамыту. Шәкәрім университеті цифрлық технологияларды енгізу және жасанды интеллект саласында білім беру мен зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізуде.

Жас зерттеушілердің әлеуетін арттыру үшін университет стартап жобаларға баса назар аударады. Жыл сайын стартап жобаларға байқау жарияланады. Студенттер мен оқытушылардың үздік жобалары университет тарапынан қаржыландырылады. Атап айтсақ 2024 жылы «Экономика және қаржы» кафедрасының аға оқытшысы Ж. Кажиеваның жетекшілігімен "CampusFit" фитнес-залын ашу стартап жобасы үздіктердің бірі ретінде танылды. Сонымен қатар, стартап жобалар бизнес құрылымдармен тікелей байланыс орна-

жұмыстарын белсенді жүргізуде. Университет бұл бағытта студенттерге фундаменталды білім беріп, болашақ мамандарды қалыптастыруға баса назар аударады. Университет жастарды мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыруға белсенді тартуды маңызды міндет ретінде қарастырады. Бұл бағытта студенттер мен оқытушылардың өз идеялары мен жобаларын ұсынуына жол ашылады.

Шәкәрім университеті тек білім беру орны емес, ол Абай облысының ғылыми-инновациялық даму орталығына айналып келеді. Университет өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс және келік-логистика салаларына мамандар даярлап қана қоймай, осы бағыттардағы ғылыми жобаларды үйлестіреді, сол арқылы аймақтың экономикалық жаңғыруына үлес қосып отыр.

Президент жолдауы – елдің стратегиялық даму бағытының айнасы. Шәкәрім университеті Президент Жолдауындағы міндеттерді іске асыруда белсенділік танытып, цифрландыру, жасанды интеллект, инновациялық жобалар және сапалы кадр даярлау бағыттарында нақты қадамдар жасап келеді. Сонымен қатар өз әлеуетіне сай, Қазақстанның адам капиталына, технологиялық дербестігіне және өңірлік дамуына нақты үлес қосып отыр.

Марал СЕРІКҚЫЗЫ, Ләззат ҒАБДУЛЛИНА, Шәкәрім университеті «Экономика және қаржы» кафедрасының аға оқытушылары



ЖАҢАСЕМЕЙ

АУЫЛДЫҢ ДАМУЫ – АУДАН АЙНАСЫ

Аудан әкімі Нұржан Әбдікәрімов жұмыс сапарымен Қайнар ауылына барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Елді мекеннің тыныс-тіршілігімен танысу, ауылдың әлеуметтік және экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылау мақсатында ұйымдастырылған бұл шараға аудандық мәслихаттың төрағасы, дербес бөлімдердің басшылары, ауылдық округтің әкімі, сондай-ақ коммуналдық сала мен әлеуметтік мекемелердің жауапты өкілдері қатысты.



Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,
«Semei tanu»



Кездесуде ауыл халқының өмір сапасын арттыруға бағытталған бастамалар кеңінен сөз болды. Әсіресе соңғы жылдары Қайнар ауылында жүзеге асып жатқан бірқатар жұмыстардың нәтижелері атап өтілді. Соның ішінде жол жөндеу, ауыз су жүйесін жаңарту, электр желілерін тарту және әлеуметтік нысандарды күрделі жөндеуден өткізу мәселелеріне басымдық берілді. Тұрғындар өз кезегінде ауылдағы өзекті түйткілдерді ашық айтып, шешу жолдарын ұсынды. Атап айтқанда, кейбір көшелердің жарықтандырылуы, балалар ойын алаңдарын көбейту, мәдениет үйін жөндеу және жайылым жерлердің мәселесі қозғалды. Әкім тұрғындардың ер сауалын мұқият тыңдап, нақты жауаптар беріп отырды. Нұржан Оразбекұлы кездесудің басты мақсаты халықтың пікірін тыңдап, олардың өтініш-ұсыныстарын нақты істер арқылы жүзеге асыру екенін атап өтті. Әрбір көтерілген мәселе бақылауға алынатынын, тиісті бөлімдерге нақты тапсырмалар берілгенін жеткізді. Сонымен қатар аудан басшысы ауыл тұрғындарының ел дамуына қосып отырған үлесіне тоқталып, бірлік пен ынтымақтың қоғамның ең басты күші екенін атап өтті.

– Ауылдың дамуы – аудан дамуының айнасы. Сондықтан елді мекендердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасын табады. Бұл ретте жергілікті тұрғындардың белсенділігі мен бірлескен еңбегі ерекше маңызды, – деді аудан әкімі Нұржан Оразбекұлы.

Кездесу соңында сөз алған ауыл ақсақалдары мен белсенді азаматтар аудан басшылығына көрсетіліп отырған қолдау үшін ризашылықтарын білдірді. Олар ауылдағы игі істердің қарқынына оң бағасын беріп, алдағы уақытта да осындай ашық диалогтардың жиі өтіп тұрғаны маңызды екенін айтты. Халықпен жүздесу барысында айтылған әрбір ұсыныс хаттамаға енгізіліп, оны жүзеге асыру бойынша нақты іс-шаралар жоспары әзірленетін болды.

Кездесуден соң аудан әкімі Нұржан Оразбекұлы Алғабас ауылындағы мектептің жылу қазандығын көріп, жаңадан салынған спорт кешенін аралады. Сапар барысында әкім нысандардың қазіргі жағдайымен танысып, жылу беру маусымының барысы мен дайындық деңгейін тексерді. Сонымен қатар спорт кешенінің материалдық-техникалық жабдықталуын көрді.

БЕСҚАРАҒАЙ

Бесқарағай аудандық орталық кітапханасында «Жасанды интеллект пен нейрожелілерді кітапхана ісінде қолдану» тақырыбына арналған семинар өтті. Шараға ауданның барлық ауылдық округтерінен кітапханашылар қатысты.

КІТАПХАНАШЫЛАР СЕМИНАРЫ

Семинарда ауданның ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысының орынбасары Ж. Әлжанов сөз сөйлеп, қазіргі технологиялар кітапхана саласын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашатынын және кітапханашылар жұмысының тиімділігін арттыратынын атап өтті. Аудандық орталық кітапхана директоры Д. Кабзолдина жасанды интеллектіні кітапханаларда қолданудың мүмкіндіктері туралы баяндады. Оның айтуынша, жаңа цифрлық құралдар ақпаратты өңдеуді жеделдетуге, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға және оқырмандарға персоналды ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ жастар аудиториясын белсенді тартуға ықпал етеді.

Семинар алдында марапаттау рәсімі өтті. Ернарар ауылының кітапханашысы Ж. Ахметова мен Қара-Мырза ауылының кітапханашысы Н. Рамазанова Қазақстан Кітапханашылар одағының «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» медалімен марапатталды. Қазақстан Ұлттық кітапханасының алғыс хаты Башкөл ауылының кітапханашысы Л. Хамитоваға табысталды. Қарағайлы ауылының кітапханашысы Г.Тасжанова Абай облысының мәдениет басқармасы басшысының алғыс хатына, ал Қоянбай ауылының кітапханашысы К. Батталова Абай атындағы облыстық әмбебап кітапхана директорының алғыс хатына ие болды.

Семинарда Канонерка ауылының кітапханашысы С. Дүйсембина жасанды интеллектіні кітапхана жұмысында қолдану мүмкіндіктері туралы баяндама жасады. Қатысушылардың назарына қазіргі технологиялардың процестерді автоматтандыруға және оқырмандарға қызмет көрсетуді жақсартуға қалай көмектесетінін көрнекі түрде көрсететін слайд-презентация ұсынылды.

Семинар аудан кітапханаларын цифрландыру жолындағы маңызды қадам болды және қазіргі кітапханашының тек кітап қорын сақтаушы ғана емес, сонымен қатар инновациялық технологияларды сенімді пайдаланушы екенін көрсетті.

АЯГӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



АҚСУАТ

Түркістан қаласында өткен қазақ күресінен Әлем кубогына қатысқан жерлесіміз – Екпін ауылының азаматы Қуаныш Мақсұтов күміс жүлдегер атанды. Жерлестері жеңімпаз ұлдарын ауылдың кіреберісінен сән-салтанатпен қарсы алды. Ел мерейін тасытқан Қуанышқа ауыл азаматтары ат мінгізді.

ҚУАНЫШ ПАЛУАНҒА ҚҰРМЕТ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»



Іс-шара мәдениет үйінде жалғасты. Аудан әкімінің орынбасары Мерей Қайырбеков құттықтау лебізін жеткізіп, аудан басшысы Е.Ескендіровтің алғыс хатын табыс етті. Сонымен қатар аудандық мәслихат төрағасы Жандос Оразғалиев, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мирас Дәуренбекұлы, Екпін ауылының тұрғыны Айтбек Жамағатов, М.Имашев атындағы спорт мектебі директорының міндетін атқарушы Хамит Ыдыршов ақжарма лебізін жеткізсе, еркін күрестен КСРО спорт шебері Болат Оразғалиев ақ батасын берді.

Екпін ауылдық округінің әкімі Айбек Қараталов спортшыны құттықтай отырып, ауыл әкімдігі тарапынан 200 мың теңге қаржылай сыйлық пен алғыс хат табыстап, бапкері Данияр Сайдахметовті алғыс хатпен марапаттады. Сөз сөйлеушілер Қуаныш Мақсұтовтың күреске деген жігерін тілге тиек ете отырып, бұл тұрғыда бапкерлері Данияр Сайдахметов пен Думан Қызырбековтің қажырлы еңбегін және тәрбиелі азамат өсірген ата-анасының еңбегін айрықша атап өтті.

Екпін ауылдық клубында тіл мәртебесін көтеру және жастардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Тілім менің – тұғырым» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің маңызын дәріптеу, ұлттық рухты ояту және жас ұрпақ бойына отансүйгіштік пен тілге құрмет сезімін қалыптастыру болды.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Жиында қазақ тілінің қоғамдағы орны мен рөлі туралы айтылып, қатысушылар ұлттың рухани байлығы саналатын ана тілімізге арналған жыржазбалды жырларын әсерлі түрде оқыды. Қазақтың ұлы

«ТІЛІМ МЕНІҢ — ТҰҒЫРЫМ»



сөзімен өрнектелген өлең жолдары көрерменге ерекше әсер сыйлады. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп дана халқымыз айтқандай, тіл – елдіктің айнасы, рухтың өзегі, ұлттың ең басты құндылығы. Тіл – халықтың тарихы мен мәде-

ТЕХНИКАЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Қыс мезгілінің келуіне орай аудан әкімі Е.Ескендіров арнайы нысандарды аралап, коммуналдық және авариялық-құтқару қызметтері техникаларының қысқы кезекке дайындық деңгейін тексерді.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Тексеру барысында аудан басшысы жолдарды қардан тазалау, көше қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды үздіксіз жылумен және сумен қамту бағытындағы шараларға ерекше назар аударды. Сондай-ақ жауапты мекемелердің материалдық-техникалық базасымен, жанар-жағармай қоры мен қосалқы бөлшектердің жеткіліктілігімен танысты. Коммуналдық кәсіпорын қызметкерлері мен төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары қысқы маусымда атқарылатын жұмыстардың жоспары туралы баяндап, арнайы техникалар толық дайын екендігін мәлімдеді.

Аудан әкімі өз кезегінде қыс мезгілі қызметтердің үйлесімді жұмысы сыналатын маңызды кезек екенін атап өтіп, жол-көлік және коммуналдық қызметтердің кезекшілігін ұйымдастыруды тапсырды.

– Қысқы уақытта ең басты мақсат – тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету. Сондықтан әрбір мекеме алдын ала сақтық шараларын жасап, техниканы және адам ресурсын толық дайын жағдайда ұстауы қажет, – деді Еркін Кәдірбекұлы. Сондай-ақ әкім жауапты тұлғаларға қар тазалау жұмыстарын жедел ұйымдастыру, тұрғындардан келіп түскен өтініштерге дер кезінде жауап беру және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша нақты тапсырмалар берді.

Кездесу соңында аудан басшысы коммуналдық сала қызметкерлерінің еңбегіне ризашылық білдіріп, олардың қыс мезгілінде халық игілігі үшін атқаратын жауапты жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.



оқып, өз шеберліктерін көрсетті. Әсіресе, жас оқырмандардың сахна мәдениеті мен көркемөнер оқу мәнері көрермен көңілінен шықты. Іс-шара соңында белсенділік танытып, ерекше орындалушылық шеберлігімен көзге түскен қатысушыларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылар тіл мерекесін жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіп, ауыл жастарының шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етуді мақсат етіп отырғандарын атап өтті.

Мерекелік шара Абай облысының Мәдениет басқармасы, Ақсуат ауданы әкімдігі және Ақсуат аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қолдауымен өтті. Тіл – ұлттың жаны. Ана тілімізді қадірлеп, оның мерейін өсіру – баршамыздың парызымыз.

ҰРЖАР

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Аудан әкімі Ақылбек Башимбаев жұмыс сапарымен «Ұржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мекемесіне барып, мұндағы құрылыс жұмыстарының жүргізілу барысын тексерді.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tanu»



Аталған нысан — ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған әлеуметтік қолдау мен оңалту қызметтерін көрсететін маңызды мекеме. Сондықтан оның құрылысын сапалы әрі уақтылы аяқтау — аудан басшылығының басты назарында. Аудан әкімі орталықтың құрылыс алаңында болып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен, құрылыс материалдарының сапасымен және жұмысшылардың еңбек жағдайымен танысты. Мердігер ұйым өкілдері нысандағы жұмыстардың қазіргі кезеңі, орындалу мерзімі мен алдағы жоспарлар жөнінде баяндама жасады.

Ақылбек Башимбаев өз кезегінде орталықтың әлеуметтік маңыздылығын ерекше атап өтіп, мердігер мекемеге құрылыс сапасына ерекше назар аударуды және барлық жұмыстары белгілен-

ген мерзімде аяқтауды тапсырды.

– Бұл нысан ең алдымен балалардың жайлы ортада тәрбиеленіп, қажетті көмек алуына арналған. Сондықтан әрбір бөлшек сапалы орындалуы тиіс. Біздің басты мақсат – балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ, аудан басшысы жауапты бөлім басшыларына құрылыс барысын тұрақты бақылауда ұстап, жұмыстардың сапасы мен мерзімін қатаң қадағалауды міндеттеді. Құрылыс толық аяқталған соң, жаңа әлеуметтік нысан ерекше күтімді қажет ететін балаларға қолайлы жағдай жасап, олардың қоғамға бейімделуіне және өмір сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік бермек.

ЖАРМА

Қапанбұлақ ауылдық округінде аудан әкімі Нұрлан Борсықбаевтың қатысуымен маңызды кездесу өтті. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы Мейірхан Оспанбаев, аудан прокуроры М. Төлеуленов, аудандық полиция бөлімінің басшысы, подполковник Д. Райстанов, сондай-ақ ауылдық округтің әкімі мен мекеме басшылары қатысты.

АУЫЛ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»



Кездесудің негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының көкейкесті мәселелерін тыңдап, әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын талқылау, жергілікті инфрақұрылымды жетілдіру мен тұрмыс сапасын арттыру жолдарын қарастыру болды. Жиын барысында тұрғындар ауыл өміріне қатысты өзекті сұрақтарын қойып, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Әсіресе, ауыссу жүйесін жақсарту, интернет желісінің сапасын арттыру, ескірген электр желілерін жаңарту, сондай-ақ жол жөндеу мен санитарлық тазалық мәселелері кеңінен сөз болды.

Аудан әкімі әрбір көтерілген мәселені мұқият тыңдап, олардың шешілу жолдарын талқылады. Ол өз сөзінде тұрғындардың белсенді азаматтық ұстанымына ризашылығын білдіріп, халықпен кері байланыстың әрқашан ашық болатынын атап өтті.

– Әр ауылдың дамуы – ауданның ілгерілеуінің кепілі. Сондықтан бұл әрбір елді мекеннің өзекті мәселесін шешуіне бірлесу қуш салуымыз қажет. Тұрғындардың ұсынысы мен пікірі – алдағы жұмыстардың негізгі бағытын айқындайды, – деді аудан басшысы.

Кездесу соңында жауапты бөлім басшыларына көтерілген мәселелерді егжей-тегжейлі зерделең, нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырылды. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары әкімнің ашық және сындарлы диалогына ризашылықтарын білдіріп, мұндай кездесулердің ел мен билік арасындағы байланыс орнатуда үлкен маңызға ие екенін атап өтті.

Сонымен қатар аудан әкімі Аршалы ауылының да тұрғындарымен кездесті. Кездесудің басты мақсаты – тұрғындардың сұрақтарына жауап беру, округтің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін талқылау және даму перспективаларын анықтау болды. Тұрғындар округтегі көкейкесті мәселелерді көтерді. Аудан әкімі Н.М. Борсықбаев тұрғындардың пікірлерін мұқият тыңдап, округтің мәселелерін шешу бойынша нақты ұсыныстарды қарастыруға уәде берді. Сонымен қатар, Аршалы бойынша жас мамандарға тұрғын үймен қамту мәселесі де назардан тыс қалмады.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА



ӘЛЕУМЕТ

Ауыз сумен қамтамасыз ету – жай ғана инфрақұрылымдық жоба емес. Таза су бар жерде деңі сау ұлт, сапалы өмір, тұрақты даму бар. Сол себепті су жүйелерін жаңғырту, су ресурстарын қорғау және өңірлерді сумен қамту өзекті мәселелердің қатарында.

АУЫЗ СУМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАТЫН КҮН АЛЫС ЕМЕС

Су – тіршілік көзі. Бұл қарапайым сөздің астарында елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық дамуы жатыр. Адам баласы сусыз бір күн де өмір сүре алмайды. Сондықтан ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі – кез келген мемлекеттің стратегиялық бағыты мен басты басымдығы. Бұл орайда Аягөз ауданында атқарылып жатқан істер аз емес. Соңғы жылдары осы бағытта нақты қадамдар жасалып келеді. Аудан бойынша жаңа жобалар жүзеге асырылып, бірқатар елді мекен орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды.

Аудандық бірқатар елді мекендері үшін ең өзекті мәселелердің бірі ауыз су тапшылығы болатын десек, таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Соңғы жылдары бұл мәселе жүйелі түрде шешімін тауып келеді.

Аягөз ауданы бойынша сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 391,5 шақырымды құрайды. Оның орташа тосуы – 53,3 пайыз, яғни жаңарту мен қайта салу жұмыстарын қатар жүргізу қажет болып тұр. Аудандағы 45 елді мекеннің 41-і, яғни 97,3 пайызы таза ауыз сумен қамтылған. Бұл – облыс бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі.

Аягөз қаласының өзінде сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 161,5 шақырым, тозу деңгейі шамамен 40 пайыз. Қалада 8 терең ұңғыма жұмыс істеп тұр. 11 858 абонент су жүйесіне қосылған. Дегенмен 109 көшенің 23-інде кей үйлер әлі де сумен толық қамтылмаған. Бұл мәселені шешу үшін жаңа жобалар кезең-кезеңімен іске асуда.

Ауылдардағы таза судың негізгі көзі – блок-модульдік станциялар. Қазір аудан бойынша 12 блок-модульдік станциялар орнатылған, шалғай ауылдарға сапалы су үздіксіз жеткізіліп отыр. Дегенмен Қорық және Байқошқар ауылдары әзірге орталық су жүйесіне қосылмаған. Бұл екі ауыл бойынша қазіргі уақытта ірі жобалар қолға алынған.

Байқошқар ауылында «Су бөгеті және су құбыры желілерінің құрылысы» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жобаны «АрАЙ-НС» серіктестігі қолға алған. Жалпы құны 604,6 миллион теңге болатын жоба аясында ұзындығы 9,569 шақырым болатын су желісі тартылған. Өткен жылы облыстық бюджеттен 27,8 миллион теңге бөлініп, толық игерілді. Биыл бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 308,1 миллион теңге және ұлттық қордан 53,1 миллион теңге қаражат қарастырылған. Қазіргі таңда құбырлар толық төселген. Екі су резервуары орнатылып, су толтыру және қы-



сыммен сынау жұмыстары басталды. Құрылыс жұмыстары 95 пайызға орындалған. Ағымдағы жылдың қарашасында толық аяқталады деп жоспарланып отыр.

Қорық ауылында да ауыз су жүйесі жаңғыртылуда. Мұндағы құны 692,9 миллион теңге болатын жобаны мердігер мекеме – «Спецстрой Групп ЛТД» ЖШС жүзеге асырып жатыр. Жалпы ұзындығы 15,448 шақырымды құрайтын су желісінің құрылысы өткен жылы басталып, 43 миллион теңге игерілген. Биылғы жылы бұл жобаға облыстық бюджеттен 306 миллион, ұлттық қордан 83 миллион теңге қаржы бөлінді. Қазіргі уақытта құбырлар толық төселген, екі су көтерігіш станция мен резервуар орнату жұмыстары да аяқталуға жақын. Ішкі аула құбырлары тартылып жатыр. Орындалған жұмыс көлемі 93 пайызды құрайды.

Аудан орталығында да ірі жоба қолға алынған. «Аягөз қаласында су құбырлары желілері мен құрылыстарын қайта жаңарту (5-кезең)» жобасының жалпы құны – 3 миллиард 883 миллион теңге. Жобаны «СМУ Шығыс» серіктестігі жүзеге асыруда. Құбыр желілерінің жалпы ұзындығы 48,2 шақырымды құрайды. Бүгінгі таңда оның 25 шақырымы тартылп, жұмыстардың 55 пайызы орындалған. 2026 жылдың соңына дейін қаланың су жүйесі толық жаңартылады деп күтілуде.

Аягөз ауданында қолға алынған осы жобалар толық жүзеге асқанда тұрғындар толықтай таза ауыз сумен қамтылақ. Ол күн де алыс емес. Тұрғындардың таза ауыз сумен қамтылуы — ауданның әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық дамуындағы маңызды көрсеткіш. Адам өмірінің өзегі саналатын судың әрбір ауылға жетуі – ел игілігі үшін атқарылып жатқан жүйелі еңбектің нақты көрінісі.

Роза МАУЫЛХАНҚЫЗЫ

Ауыл - қазақтың - бесігі. Сондықтан ауылдарды сақтап қалу ұлттық идеяға айналуы тиіс. Ауыл халқын тұрақтандыру, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында базар жағалап қалаға ағылған халықты қайта ауылға көшіру сияқты мәселелерге арналған мақсатты бағдарлама керек деген ұсыныс айтушылардың жиі естиміз. Бұл орайда ең басты мәселе баспана екендігі белгілі.

ҮЙІ ЖОҚТЫҢ КҮЙІ ЖОҚ...

Халқымыз "Үйі жоқтың күйі жоқ" деп бекер айтпайды. Баспананы қолжетімді ету үшін мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар жасалуда. Халықты тұрғын үймен қамту жергілікті атқарушы билік өкілдерінің басты міндеті екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ұдайы айтып келеді.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі баспананың қамту жұмысы Аягөз ауданында да жоспарлы түрде жүзеге асып келеді.

Аудандағы Майлин және Мамырсу ауылдарында тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл – ауылдық аумақтардың әлеуметтік әлеуетін көтеруге бағытталған маңызды қадам. Майлин ауылында бой көтеріп жатқан 10 пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы жоспарға сай жалғасуда. Ал 10 үйдің қабырғалары толық көтерілді, төбесі жабылып, қазір ішкі әрлеу және инженерлік желілерді жүргізу жұмыстары атқарылуда. Бұл нысандар пайдалануға берілгеннен кейін әлеуметтік санаттағы отбасыларға қолжетімді баспана ұсынылып, ауылдағы тұрғын үй тапшылығын едәуір жеңілдетері сөзсіз.

Аудандағы Мамырсу ауылдық округі 2007 жылға дейін Сергиополь ауылдық округі деп аталды. Іргесі 1831 жылы қаланып, революционер Сергиополь Ғаббасұлының патша үкіметіне қарсы ұйымдастырған ұйымының орталығы болған бұл ауыл 1930 жылдардың бас кезінде ұжымшар орталығы болды. 1957 жылы ұсақ ұжымшарлар негізінде құрылған сүт өндіру бағытындағы кеңшардың орталығына айналды. 1996 жылы кеңшар негізінде шаруа қожалықтары құрылды. Бұл күндері округ құрамына кіретін Мамырсу, Батпақ, Бозай ауылдары халқының саны (3 234 адам) мен жерінің көлемі жағынан Аягөз ауданындағы тарихи терең, ірі ауылдардың қатарында.

Бүгінгі таңда Мамырсу ауылында дөрігерлік амбулатория, жеке меншік балалар бақшасы, орта мектеп, Мәдениет үйі, 79 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ауыл әкімі Тілеуке Алжикеев атты азамат қаладағы өз мамандығы бойынша (мамандығы - журналист) істеп жүрген



жұмысын тастап, ауылдың болашағына сеніп, туған жерді түлетуге келген.

Ауылдың болашағын ойласақ, халыққа әлеуметтік жағдай жасау керек. Мамырсуда үй кезегінде 85 адам тұр. Өткен жылы 5 пәтер берілді. Биыл 7 пәтер беріледі деп күтіп отырмыз. 15 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Қабырғалары қаланып, құрылыс жұмыстары жалғасуда. Келесі жылы тағы 5 үй салу жоспарда, дейді ауыл әкімі.

Соңғы онжылдықта шағын және ірі қалалар тұрғындарының саны артып, ауыл халқының саны азайып бара жатқаны белгілі.

Мамырсу ауылында халықтың қалаға көшуі саябырсыған. Керісінше, қаладан ауылға оралып, мал өсіріп, шаруамен айналысуға ниеттілер көбейіп келеді. Ауылда маман тапшылығы жоқ. Қазір ауылдағы халықтың әлеуметтік жағдайын жасауға мемлекет тарапынан көрсеткіліп жатқан қамқорлық аз емес. Бұл - өте маңызды мәселе. Тамыры тереңге кеткен аяулы мекендерді сақтап қалғанда ғана қазақтың көші де, езі де түгел болады,- дейді ауыл әкімі Тілеуке Алжикеев.

Ауылда жаңа тұрғын үйлердің салынуы инфрақұрылымдық дамуды жеделдетіп, жас мамандарды тартуға оң ықпал етеді.

Аягөз ауданы бойынша жыл соңына

дейін 40 жаңа баспана сатып алу жоспарлануда. Бұл – баспанаға зәру талай отбасыға жаңа тұрмыс, жаңа мүмкіндік есігін ашады деген сөз. Президент бастамасымен жүзеге асқан «Келешек мектептері», «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобалары сияқты, тұрғын үй құрылысына да ұлттық қор мен бюджеттен әлеулі қаржы бағытталуда. Бұл тек әлеуметтік қолдау емес, ауылдардың дамуына, халықтың тұрақты қоныстануына серпін береді. Баспана бөлу кезінде әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға басымдық беріледі. Бірінші кезекте көп балалы отбасылар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар, бюджет саласы қызметкерлері (мұғалімдер, дәрігерлер, полицейлер және т.б.), жас мамандар басымдыққа ие болады.

Мұндай қолдау шаралары кадр тапшылығы байқалатын ауылдарда өмір сапасын жақсартуға тікелей ықпал етерсіз.

Тұрғын үй құрылысы – тек жаңа үйлер салу емес, болашаққа салынған инвестиция. Ауылдарда баспананың қолжетімді болуы халықтың көшуін азайтады, жұмыс күшін сақтайды, жастардың ауылда тұрақтауына себеп болады. 2025 жылдың соңына дейін жоспарланған жобалар толық іске асса, аудан тұрғындарының баспаналы қол жеткізу мүмкіндігі артып, әлеуметтік тұрақтылық нығая түсері сөзсіз.

Тұрғын үй құрылысы – ауылдағы әлеуметтің тірегі. Халыққа көрсетілген қамқорлықтың көрінісі. Аягөздегі тұрғын үй құрылысы мемлекеттің әлеуметтік бағытының ауыл өмірі үшін де қолжетімді екенін айқын дәлелдейді. Баспана – әр отбасының бақыт мекені, тұрақтылығы. Ал ауылда баспалы тұрғын үйлердің көбеюі өңірдің болашағын бекіте түсетіні сөзсіз.

Алда атқарылар жұмыс көп. Бірақ бүгінгі нақты нәтижелер Аягөздің қарқынды дамуға бет алғанын айқын көрсетеді.

Руза АСАНҚЫЗЫ

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТАҢДАҒАНЫМА ЕШ ӨКІНБЕЙМІН

гейді «Бектас» шаруа қожалығының жетекшісі Бектас Бауыржанұлы



- Бектас Бауыржанұлы, «Бектас» қожалығының тарихы қалай басталды?

- Өкем Бауыржан Құсагов ауыл шаруашылығы саласының маманы емес, дене шынықтыру факультетін тамамдаған. Анам Сәуле екеуі балаларының жақсы білім алуын, үздік жоғары оқу орындарында оқып, өмірде өз жолдарын табуын армандады. Ата-анам өздерінің кәсіпкерлік жолын 90-жылдардың соңында бастаған. Өуелде Аягөзде шағын азық-түлік дүкенін ашқан болатын. Бірақ уақыт өте келе өкем: «Біздің сөрелерде арақ пен темекі сатылмайды!» деген маңызды шешім қабылдады. Бұл шешім кәсіптің табысын азайтқаны рас. Дегенмен өкем адал еңбек пен таза табыс жолындағы бағытын өзгертеді.

Уақыт өте келе жаңа табыс көзін іздеген ата-анам 1998 жылы жерді жалға алып, егін шаруашылығымен айналыса бастайды. Бірақ 2007 жылы жер иесі жалдау бағасын айтарлықтай көтерген соң, егіншіліктен мал шаруашылығына бет бұрды. Сол сәттен бастап біздің отбасының өмірінде жаңа белес басталды.

Барлық ата-аналар сияқты балаларының білім алып, биікке шығуын армандаған олар күн-түн демей еңбек етіп, ұрпақтарына үлгі болды. Мен ата-анамның тұңғышымын. КІМЕР университетін үздік бітіріп, кейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Лондонда білім алдым, «корпоративтік қаржы» мамандығы бойынша магистр дәрежесін иелендім. 2013 жылы елге оралып, Астанада ірі халықаралық тау-кен компаниясында инвестициялар жөніндегі директор қызметіне тағайындалдым.

Алайда, тамырымыз ауылда жатқандықтан да шығар, шет елдегі керемет оқу орнынан алған дипломымды, әсем Астана мен лауазымды қызметті тастап, туған жерге оралдым. Осылайша, мал шаруашылығына түбегейлі бет бұрдық. Аягөзге жақын Мыңбұлақ ауылынан жайылымдық жер алып, қазақтың ақбас тұқымды сиырларын өсіруді бастадық.

Өкем мен анамның жолымен мал шаруашылығын заманауи бағытта дамытып, бүгінде вертикалды интеграцияланған ауыл шаруашылығы холдингіне айналдық.

Шаруашылық құрамында бірінші санатты асыл тұқымды «Qazaq Aqbas» репродукторы, бордақылау алаңы, жем-шөп өндіретін егін шаруашылығы бөлімі, заманауи мал сою цехы және ет өнімдерін сататын дүкен бар.

- Қазір шаруашылықта қанша мал бар және оның ерекшелігі неде?

- Жоғарыда айтып кеттім ғой, біздің қожалық – бірінші санатты асыл тұқымды шаруашылық. Барлық малымыз, қазақтың ақбас тұқымы, таза генетикалық бағытта өсіріледі. Бұл тұқымның басты артықшылығы – тәзімділігі мен кез келген табиғат құбылыстарына бейімделгіштігі. Аягөздің шөлейтті, қатаң климатына қарамастан, бұл мал алыс қашықтықты жүріп, жақсы салмақ қосады. Біз жыл сайын

Аягөз ауданындағы «Бектас» шаруа қожалығы биыл өзінің 27 жылдығын атап өтуде. Қазақтың ақбас тұқымын өсіруде жақсы көрсеткіштерімен танылған шаруашылық бүгінде өңірдің экономикалық дамуына да зор үлес қосып отыр. Біз қожалық жетекшісі Бектас Бауыржанұлымен кездесіп, шаруашылықтың өткені мен бүгіні, еңбек адамдарының тыныс-тіршілігі туралы әңгімелескен едік.



селекциялық жұмысты жетілдіріп, асыл тұқымды мал санын арттырып келеміз.

- Шаруашылықта қанша адам еңбек етеді?

- Бүгінгі күні бізде шопандар, механизаторлар, құрылысшылар, аспаздар – барлығы 60-қа жуық адам тұрақты жұмыс істейді. Олардың он шақтысы – менің өз отбасымның мүшелері: әке-шешем, бауырларым, туыстарым. Бұл – тек кәсіп емес, әулеттік іс, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын еңбек дәстүрі.

- Шаруашылықтың техникалық базасы қандай деңгейде?

- Қазір шаруашылықта 30-ға жуық техника бар. Оның ішінде МТЗ тракторлары, Қытайдың Lovol, Германияның Claas маркалы техникасы, комбайн мен тұқым себу кешендері бар. Біз техника паркін үнемі жаңартып, тиімділігін бақылаймыз. Көпшілігін «ҚазАгроҚаржы» ар-

қылы лизингпен алдық.

- Қысқа дайындық қалай?

- Мал шаруашылығында ең жауапты кезең – қыс маусымы. Себебі шығынның 70 пайызы жем-шөпке кетеді. Биыл 13 мың орма шөп және 600 тонна құрама жем дайындадық. Шөптің бір бөлігі табиғи шабындықтан жиналады, біразын өзіміз еккен көпжылдық шөп алқаптарынан аламыз. Биыл күзгі қарайдай мен бидай жақсы шықты, сондықтан астыққа деген қажеттіліктің бір бөлігін өзіміз қамтамасыз етіп отырмыз.

- Шаруашылықтың жер көлемі қандай?

- Жеріміз жетеді, (күлді) бірақ нақты көлемін айтпай-ақ қойсам. Маңыздысы – біз алған жердің әр гектарын ұтымды пайдалануға тырысамыз. Шабындық пен жайылымды тиімді бөлу – табысты мал шаруашылығының кепілі.

- Мемлекеттік қолдауға жүгіндіздер ме?

- Жоқ, әзірге ешқандай мемлекеттік грант алған жоқпыз. Барлығына өз күшімізбен жеттік. Бірақ мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына жасалып жатқан қолдауды құлтаймыз.

- Өнімдеріңізді қайда өткересіздер?

- Біз ет және асыл тұқымды бұзау өндірумен айналысамыз. Қазақстанның алты облысындағы шаруашылықтар біздің төлдерді сатып алып, әрі қарай өсіреді. Ал ақбас стандартына сай келмейтін жас малдарды өзіміздің бордақылау алаңында бағып, тұтыншыларға ет сататын дүкендеріміз бен жергілікті нарық арқылы ұсынамыз.

Бізде заманауи мал сою цехы бар. Мұнда барлық санитарлық талап сақталады, ет арнайы зертханалық тексеруден өтеді. Тұтас етті вакуумдық қаптамаға салып, сақтауға және тасымалдауға ыңғайлы етеміз. Бұл өнімнің экологиялық тазалығын және тағамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

- Қазір мал бағатын адам табу қиын дегенді жиі естиміз. Сіздерде бұл мәселе бар ма?

- Бұл – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Шопандар мен механизаторлар жетіспейді. Сондықтан біз оларға барынша жақсы жағдай жасауға тырысамыз: лайықты жалақы, сыйақы, тұрғын үймен, тамақпен қамтамасыз етеміз. Малшылар бахталық әдіспен жұмыс істейді: жайлауда және қыстауда кезектесіп тұрады. Қызметкерлерге демалыс уақытында Аягөздегі жатақханамызда немесе өз үйлерінде демалуға мүмкіндік береміз.

Қазір шаруашылықта он жылдан бері тұрақты еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі малшылар бар, олардың бүгінгі етестіктерімізге қосқан үлесі зор. Тәжірибесі біз үшін маңызды.

- Заманауи технологияларды қолданасыздар ма?

- Өрине. Біз өсімдік және мал шаруашылығында жаңа технологияларды белсенді енгізіп жатырмыз. Өсімдік шаруашылығында органикалық тыңайтқыштарды пайдалану, жаңа тәзімді сорттар енгізу, өнім сапасын арттыру бағытында жұмыс істейміз.

Ал мал шаруашылығында басты мақсатымыз – генетикалық жақсарту. Біз жасанды ұрықтандыру әдісін қолданамыз, бұл – тұқым сапасын арттырудың ең тиімді жолы. Қазір малдың орташа тәуліктік салмақ қосуды 1,2 келіге дейін жетіп отыр. Бұл – біздің климат үшін өте жақсы көрсеткіш.

- Еңбек адамы ретінде, ауыл шаруашылығына жастарды қалай тартуға болады деп ойлайсыз?

- Ең алдымен, ауылдағы өмір сүру сапасын арттыру қажет. Жас мамандарға жағдай жасалса, баспана мен тұрақты табыс болса, олар ауылда қалудан қашпайды. Біз өз шаруашылығымызда соған үлгі болуға тырысамыз. Ауыл – қазақтың тамыры. Еңбек бар жерде береке де бар.

- Әңгімеңізге рақмет, шаруашылығыңыздың берекесі арта берсін!

Руза МОЛДАШЕВА



ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ 50 ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТ САЛЫНАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Абай облысы ветеринария басқармасының басшысы Ержан Барышев өткен 10 айда атқарылған жұмыстар туралы баяндады.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Басқарма басшысы айтып өткендей, өңірдегі эпизоотиялық ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аурулардың алдын алу бағытында жүйелі әрі кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорының мәліметіне сәйкес, Абай облысында 781 987 бас ірі қара, 1 310 311 бас ұсақ мал, 406 529 жылқы мен 4 281 бас шошқа және 567 бас түйе бар. Бұл көрсеткіштер өңірдің мал шаруашылығының даму әлеуетін айқын көрсетеді. Профилактикалық және диагностикалық шараларға байланысты 2025 жылға арналған профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес, облыс аумағында ауыл шаруашылығы және жабайы жануарлардың 11 аса қауіпті ауруына қарсы 7,5 млн-ға жуық ветеринариялық манипуляция мен 2 млн-нан аса диагностикалық зерттеу жүргізу жоспарланған.

Жоспарға сәйкес, бүгінгі күні республикалық қордан 7,383 млн доза вакцина бөлініп, соның 5,847 млн дозасы егілді. Вакциналау жұмыстары бекітілген кестеге және бөлінген көлемге сай жүргізілуде. Бруцеллезге қарсы диагностикалық тек-

серулер шеңберінде 1,939 млн мал басы (оның ішінде 846 794 ірі қара және 1 092 349 ұсақ мал) зерттелді. Ауру анықталған малдар санитарлық талаптарға сай сойылу үшін жіберілді. Биыл бруцеллез ауруы бойынша Ақсуат ауданы Құмкөл ауылдық округінен 1 қолайсыз ошақ тіркелді. Ошақ республикалық эпизоотияға қарсы отряд күшімен сауықтырылды. Сонымен қатар 2024 жылы тіркелген 1 қолайсыз ошақта сауықтыру жұмыстары жалғасуда,- деді Абай облысы ветеринария басқармасының басшысы Ержан Барышев.

Жыл басынан бері аса қауіпті аурулар, оның ішінде 2 қарасан, 3 құтыру ауруы бойынша облыс аумағында 5 қолайсыз пункт тіркелген. Бүгінгі күні олардың екеуі толық сауықтырылып, қалған ошақтарда жоспарлы іс-шаралар атқарылуда.

Жалпы, өткен жылмен салыстырғанда бруцеллез және аса қауіпті аурулардың тіркелу деңгейі айтарлықтай төмендеген. Атап айтқанда, бруцеллез бойынша ошақ саны 25-ке, ал аса қауіпті аурулар бойынша 9-ға дейін азайды. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерге тоқталар болсақ, Ветеринария басқармасы мен оған қарасты ветеринариялық қызмет мекемелері 4 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Ветеринариялық

анықтама беру – 75 215 қызмет, ауыл шаруашылығы жануарлары туралы деректерді өзектендіру (түзету) – 20 қызмет, ветеринариялық паспорт беру – 252 311 қызмет, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметпен айналысуға лицензия беру бойынша 1 қызмет түрі. Бұл көрсеткіштер тұрғындар мен кәсіп иелеріне мемлекеттік қызметтердің қолжетімді әрі сапалы ұсынылып отырғанын айғағы.

Ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша «ТortTulik» мобильді қосымшасына 11 891 пайдаланушы, «BCЭ» модуліне 83 сою нысаны қосылған. Ал үй жануарларын тіркеу бойынша «TANBA» жүйесіне 10 591 бас енгізілді. Оның ішінде 9 165-і - ит, 1 426-сы - мысық. Облыс аумағында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Ағымдағы жылдың 10 айында 10 626 қаңғыбас ит пен мысық ауланды. Сонымен қатар «ОСВВ» бағдарламасы аясында 435 жануарға, оның ішінде 389 ит пен 46 мысыққа ветеринариялық іс-шаралар жүргізілді,- деп атап өтті облыстық ветеринария басқармасының басшысы.

Сондай-ақ ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында басқарма облыстағы ветеринариялық-санитариялық нысандардың техникалық жағдайына және олардың қолданыстағы талаптарға сәйкестігіне ерекше көңіл бөлуде. Осы бағытта 2026–2027 жылдарға арналған нысандарды жаңарту және салу жұмыстары жоспарланып отырғанын айтты. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне 6,431 млрд теңге көлемінде қаржыға сұраныс беріліп, мақұлданған. Осыған орай жоспар бойынша 2026 жылы 7 аудандық ветеринариялық станция, 61 ветеринариялық пункт және 40 мал қорымы, 2027 жылы 50 ветеринариялық пункт және 78 мал қорымы салынбақ. Қазіргі таңда қала және аудан әкімдіктері тарапынан осы нысандардың құрылысына арналған жер телімдерін бөлу жұмыстары жүргізілуде.

Облыста эпизоотиялық ахуал тұрақты деңгейде. Барлық ветеринариялық іс-шаралар жоспарға сай жүзеге асырылуда. Ветеринария басқармасы өңір тұрғындарының қауіпсіздігін, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыра бермек.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ



Қалбатау ауылында туып-өскен Халел Кәрімұлы – бүгінде Жарма ауданының дамуына субелі үлес қосып жүрген іскер азамат. Еңбегін ел жақсы білетін Халел Садуовтың жұмысы жарнамамен тікелей байланысты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Халелдің балалық шағы мен жастық кезеңі туған жері Жарма ауданының Қалбатау ауылында өтті. Еңбекқорлықты бала кезінен бойына сіңірген ол 2007 жылы Семей қаласындағы №30 мектепті тамамдап, сол жылы Семей геологиялық барлау колледжіне оқуға түседі. Бұл таңдау оның ізденімпаздығы мен білімге деген құштарлығын айқындаған алғашқы қадамдарының бір болды. Ал 2013 жыл Халелдің өмірінде ерекше жыл болды. Сол жылы ол отбасын құрды. Бүгінде төрт баланың асқар тау әкесі атанған кейіпкеріміз - бүтіндей бір отбасының қорғаны.

Өз еңбегімен еліме пайда тигізсем деген мақсатпен ізденісін тоқтатпаған Халел дәл осы жылы ол мемлекет қолдауымен «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында несие алып, жеке кәсібін ашуға бел буды.

Осылайша, өзінің талабы мен табандылығының арқасында сыртқы және ішкі жарнама өнімдерін өндіретін жарнама агенттігінің негізін қалайды. Бұл істі бастағанда оның басты мақсаты аудан тұрғындарына сапалы қызмет ұсыну, заманауи жарнама саласын дамыту және өз ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу болатын. Уақыт өте келе еңбегі жемісін беріп, өнімдері аудан көлемінде ғана емес, көршілес аудандар мен қалаларда да сұранысқа ие болады. Бүгінгі күні кәсіп иесі нарықтағы жаңа бағыттарды меңгеріп, қызмет сапасын үздіксіз жетілдіріп келеді.

Халел әлі де өз ісін кеңейтіп, заманауи технологияларды өндіріске енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Ол жарнама өнімдерінің түрлерін көбейтіп, қызмет сапасын арттырумен қатар, жастарды жұмыспен қамтуға да көңіл бөліп отыр. Кәсіпкердің алдағы жоспары ауқымды – жұмысшылар санын арттырып, өңірлік деңгейде ірі жарнама орталығын қалыптастыруды көздеп отыр. Бұл мақсаты оның туған жерінің дамуына қосар тағы бір үлкен үлесі болмақ. Іскер азаматтың өмір жолы еңбек пен адалдықтың, табандылық пен мақсаткерліктің айқын көрінісі десек те артық болмас. Өз ісіне деген сүйіспеншілік пен елге деген жауапкершілік сезімі оны табысқа жетелеп, өңір жастарына үлгі болуда.

Адам баласында ең алдымен үлкен армандар мен биік мақсаттар болуы қажет. Сонда ғана ол даму жолына қадам басады. Жасалған жоспарлар бойынша жұмыс істеп, ол жүзеге асқан сайын еңбекке деген, кәсіпке деген қызығушылық арта түседі. Жұмыстың жеңілі болмайды, сондықтан адам баласы еңбектенуден бас тартпауы қажет. Мен жеке кәсіпкер ретінде қазіргі жастарға осыны айтып жеткізім келеді,- дейді жас кәсіпкер.

«АМАНАТ» партиясының бастамасымен еліміздің барлық өңірінде дәстүрлі «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы жалғасуда. Бұл іс-шара – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының жалғасы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ЖАЛҒАСУДА

Акцияның мақсаты – аумақтарды қоқыстан тазарту ғана емес, сонымен қатар қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, әрбір азаматты қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға шақыру. Тазалық акциясына Көкпекті ауданының халқы да қолдау көрсетуде. Аудан орталығындағы Жеңіс саябағында «АМАНАТ» партиясының бастамасымен өткен экологиялық шараға партияның аудандық филиалының белсенділері, аудандық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымының мүшелері және жергілікті жастар - 25 адам қатысып, 0,5 гектар аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазартты. Нәтижесінде 1 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық жиналды.

Таза орта – салауатты қоғамның негізі. Әр азамат өз ауылының көркеюіне үлес қосса, қоршаған ортаның жағдайы жақсара түсері анық, – дейді Көкпекті аудандық мәслихатының депутаты Талғат Сарманов.

Акцияға қатысушылар осындай тазалық жұмыстарын алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғастыра бермек. «АМАНАТ» партиясы алдағы уақытта да экологиялық бағыттағы қоғамдық жұмыстарды кеңейтіп, елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуына ерекше көңіл бөлуді жоспарлап отыр.

«ST» - ақпарат



Еділ АСЫЛБЕК

Семей өңірі руханиятының өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан белгілі ақын, аудармашы, журналист **Еділ АСЫЛБЕК** дүниеден өтті.

Еділ Оразбекұлы 1952 жылы дүниеге келген. 1970 жылы Семей педагогикалық институтының филология факультетін, 1994 жылы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын саясаттанушы мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын ұстаздық қызметтен бастағанымен, біртіндеп шығармашылық қуатын танытып, облыстық «Семей таңы» газетінде әдеби қызметкер, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Республикалық «Казахстанская правда» газетінің Семей облысы бойынша меншікті тілшісі, «Абай» журналының бөлім меңгерушісі болып есімі елге кеңінен танылды.

Өр жылдары Семей облысы (кейіннен қаласы) әкімінің баспасөз хатшысы, қалалық қоғамдық келісім және тіл саясаты бөлімінің басшысы, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі сияқты мемлекеттік қызметтерді зор жауапкершілікпен атқарғанын жұрт жақсы біледі.

Өлеңдері мен аудармалары әртүрлі жинақтарға енген Еділ Оразбекұлы - «Көгілдір менің білігім» кітабының авторы. Оқырман қауымға ақын, аудармашы, журналист ретінде танылған Еділ Асылбектің Семей руханиятындағы қолтаңбасы мәңгілікке қалары сөзсіз.

«Semei tanu» газеті редакциясы ұжымы Еділ Оразбекұлының дүниеден өтуіне байланысты, марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

СЕМЕЙ

Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев Бобровка және Мұрат саяжайларының тұрғындарымен кездесіп, өзекті мәселелерін талқылады. Кездесуге қалалық бөлім басшылары, коммуналдық қызметтердің жетекшілері және тиісті мердігер ұйымдардың өкілдері қатысып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

САЯЖАЙ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Кездесу барысында тұрғындар бірқатар ұсыныстарын айтып, күнделікті тұрмысқа тікелей әсер ететін мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, қоғамдық көлік қатынасының жеткіліксіздігі, жолдардың жағдайы, көше жарығының жоқтығы, ауыз су тапшылығы, сонымен қатар балалар ойын алаңын орнату қажеттілігі жөнінде өтініш-тілектерін білдірді. Әкім Әділет Қожанбаев көтерілген мәселелердің барлығы назарға алынатынын атап өтіп, оларды кезең-кезеңімен шешу үшін алдағы жылға тиісті жоспар жасалатынын жеткізді.

«Мәселелерді шешу үшін алдағы жылдарға жоспар құрамыз. Саяжайларды дамыту үшін барлығы жоспарлы түрде іске асуы тиіс. Алдағы уақытта өздеріңізбен жобаны таныстыру үшін кездесетін боламыз», – деді қала басшысы.

Айта кетейік, бұған дейін Мұрат саяжайында электр қуатын жүргізу мәселесіне қатысты кездесу өткен болатын. Қазіргі таңда аталған аумаққа электр қуаты сынақ түрінде қосылып, желінің тұрақтылығы тексеріліп жатыр. Бұл – алдағы уақытта толыққанды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың алғашқы қадамдарының бірі.

ЖЫЛУ НЫСАНДАРЫНА АРНАЙЫ БАРДЫ

Қала әкімі Әділет Қожанбаев Семейдегі жылу нысандарын аралап, олардың қазіргі жұмыс барысын тексерді.

Атап айтқанда, ЖЭО-1, РК-1, РК-3, «Орталық», «103, 103 А» қазандықтарына барып, атқарылып жатқан жұмыстармен және жылу беру көрсеткіштерімен танысты. Аралау барысында әкім қазандықтардың техникалық жағдайына, желілердің жұмыс режиміне және жүргізілген жөндеу жұмыстарына ерекше назар аударды. Мамандар станциялардағы жабдықтардың қазіргі жүктемесі мен тұрақтылығы жөнінде баяндап, жылу беру маусымының өту барысы туралы ақпарат берді. Аталған жылу нысандарында қыс мезгілінде 600-ге жуық қызметкер тәулік бойы жұмыс істейді. Ал жаз айларында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына 400-ге жуық маман тартылады.

«Жылыту маусымы басталғанына бір айдан асты. Жұмысты бәсеңдетуге болмайды. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарда жылу температурасын төмендетпеуіміз қажет», – деді Әділет Қожанбаев.

Сонымен қатар, жылу беру маусымының қауіпсіз әрі тұрақты өтуі үшін барлық тиісті мекемелерге жауапкершілікті арттыру тапсырылды.

Өз тілшіміз

КӨКПЕКТІ

ТАССАЙ КӨПІРІ ЖӨНДЕЛУДЕ

Көкпекті ауданына қарасты Тассай ауылына кіреберіс жолындағы Жүзәғаш өзенінен өтетін автокөлік көпірін қайта жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде.



2024 жылдың көктемінде қардың күрт өріі мен су деңгейінің көтерілуі салдарынан 2011 жылы салынған көпір қирап қалған еді. Ескі көпірдің ұзындығы 44,56 метр болған. Жаңа көпірдің ұзындығы 73,04 метрді құрайды. Ол үш аралықтан (әрқайсысы 24 метрден) тұрады. Жол бөлігінің ені 6 метр болып, екі жағынан жаяу жүргіншілер жолы қарастырылған. Жоба толық жүзеге асқанда Тассай ауылымен көлік қатынасы жыл бойы қауіпсіз әрі үздіксіз қамтамасыз етіледі. Бұл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып, өңірдің көлік инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді.


МАҚАНШЫ ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Мақаншы ауданының Келдімұрат ауылында заманауи талаптарға сай салынған жаңа дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді. Медициналық нысан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық бағдарламасы аясында салынып отыр.

Бағдарлама шеңберінде аудан бойынша 8 амбулаториялық және медициналық-фельдшерлік пункт бой көтерді. Келдімұрат ауылындағы амбулатория тұрғындарға алғашқы медициналық көмекті сапалы әрі қолжетімді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Нысанның ішінде қабылдау, процедуралық және емшара кабинеттері, орта буын медицина қызметкерлеріне арналған бөлмелер мен дәріханалық пункт бар. Жаңа ғимарат заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мұнда нейбулайзер, электрокардиограф, дефибриллятор, магнитотерапия аппараты, спирометр және жоғарғы тыныс алу жолдарын емдеуге арналған ультракүлгін құрылғылар орнатылған.

«ST» - ақпарат





МӘДЕНИЕТ

ДАРЫНДЫ ҰРПАҚТЫҢ АЛТЫНҰЯСЫ



Көкпекті аудандық оқушылар шығармашылық сарайы - кейінгі он жылда елеулі жетістіктерге жеткен бірегей мекеме. Сән-салтанаты келісген еңселі ғимаратты ән мен күйге, әуен мен биге толтырған өнер мен білім ордасында қызмет атқаратын ұжым мүшелері де жыл өткен сайын жасарып келеді.

Яғни Шығармашылық сарайы дарынды жастардың ізденісіне жол ашып, аудан абыройын асқақтатуға жол ашып отыр. Оқушылар шығармашылық сарайының басшысы Асқар Дүйсенбекұлы мен оның қос орынбасары – оқу ісі жөніндегі орынбасары Назым Келербекова және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айдана Ермеқызы іскерлігімен жұрт ықыласына бөленген өнерлі жастар.

Осыдан он жыл бұрын бұл мекеме екі бағыт бойынша - көркем-эстетикалық және музыка-эстетикалық түрде қызмет көрсеткен. Ол кезде Самар ауданымен қоса есептегеннің өзінде жалпы сағат саны 120 болатын еді. Қазір ұжымның табысты еңбегінің, жаңашылдығының арқасында жалпы сағат саны 711-ге жетті. Бүгінде білім мен тәрбие жұмыстары 5 бағыт бойынша жүреді: көркем-эстетикалық, музыка-эстетикалық, спорт-туризм, әлеуметтік-педагогикалық және техникалық. 2022 жылы аудан әкімдігі қазіргі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізді бұл үйірме санын сапалық тұрғыда көбейтуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда Көкпекті аудандық оқушылар шығармашылық сарайында ауылдық округтердегі филиалдарды қоса алғанда бес бағыт бойынша 60 үйірме жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар шығармашылық сарайының «JAS QALAM» атты екі ай сайын шығатын журналы бар. Балалардың өнерін шебер шыңдай білетін осындай ұжымның іске асыруға дайындап отырған әлі де талай жаңа жоспарлары мен жобалары бар екені қуантады.

Фархат МАРАТҰЛЫ

ҚҰРМЕТТІ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Абай облысы Семей қаласы мәслихатының «Семей қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» шешімінің жобасын талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз.

ҢҚА жобасын талқылау үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет: <https://legallacts.egov.kz/npa/view?id=15627255>

Жоба

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДА ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ МӨЛШЕР- ЛЕМЕСІНІҢ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі (Салық кодексі) 726 бабының сәйкес, Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Семей қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем кезінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық салу объектісіне 4% - дан 2% - ға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Семей қаласы мәслихатының төрағасы

Аты-жөні

ІШКІ АУДИТ

АЙЫППҮЛДАРДЫҢ 94 ПАЙЫЗЫ ӨНДІРІЛДІ

Жалпы құқық қолдану практикасын қалыптастыру мақсатында Абай облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті әкімшілік практиканың апта сайынғы мониторингін тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Басты бағыт - қаржылық бұзушылықтарды жою және бюджет кірісіне әкімшілік айыппұлдардың толық түсуін қамтамасыз ету.

2025 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (ҚР ӘҚБтК) нормаларын қолдануда оң динамика байқалады. Осы кезеңде

жалпы сомасы 52 000 866 теңгеге 358 іс қозғалды, ал әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу деңгейі 94%-ды құрады. Сонымен қатар іс жүргізу туралы шешім қабылдау үшін сотқа 53 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жолданды.

Департамент әкімшілік практика бойынша тексерулер мен мониторингті дербес жүргізуді, сондай-ақ бюджет кірісіне айыппұлдарды өндіру шараларын күшейтуді жалғастыруда.

Жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатында ҚР ӘҚБтК нормалары мен оған енгізілген өзгерістерді терең зерделеу-

ге бағытталған техникалық оқулар тұрақты негізде өткізіледі.

Атқарылып жатқан бұл шаралар мемлекеттік бақылау органдарының жауапкершілігін арттыра отырып, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық мәдениетінің өсуіне, сондай-ақ республика көлемінде құқықтық және қаржылық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді.

Е.ЖЕДЕЛҒАЗИН,
Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қызметті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылдың 10 айында 34 аудиторлық іс шара өткізді, оның ішінде: мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 9 аудит; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде 11 аудит; бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің деректерін мониторингтеу нәтижелері бойынша 14 аудит.

Аудит барысында жалпы сомасы 13,5 млрд теңгеге бюджет қаражаты қамтылды, онда жалпы сомасы 12,9 млрд. теңгеге, немесе қамту көлемінің 95,5%, бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың үлесі 7,7 млрд. теңгені құрады.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойын-

ша анықталған бұзушылықтарды жоюға енгізілген ұсынымдар бойынша 10 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 53 тұлғаға әкімшілік құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін 5110,6 мың. теңге айыппұл салынып, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде көзделген жауапкершілікке тартылды.

Б.АКИМЖАНОВ,
Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің басшысы

КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІ

Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылдың 10 айында жалпы сомасы 321,4 млрд. теңгеге 14 540 лотты зерделеді, зерттелген мемлекеттік сатып алулардан 1253 лот бойынша бұзушылықтар анықталды, олар бойынша 49,7 млрд. теңгеге сомасына хабарламалар жіберілді.

Белгіленген мерзімге 49,3 млрд. теңгеге сомасына 1222 хабарлама орындалды, қалғандары бойынша орындау мерзімі басталған жоқ.

Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бе-

лігіне сәйкес, хабарламаларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін лауазымды тұлғаларға қатысты 44 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды.

Бұл ретте, конкурстық құжаттамаларды заңнамада көзделмеген талаптарды белгілеу ең жиі орын алатын бұзушылықтар қатарында.

Мысалы: жұмыс тәжірибесі, ағымдағы жөндеу кезінде лицензияның болуы туралы негізсіз талап, тауарды жеткізу/жұмыстарды орындау/Қызмет көрсету мерзі-

мі күнтізбелік 15 күннен аз болуы, лоттарға бөлінбеу сынды бұзушылықтар жиі орын алады, сондай-ақ Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін сатып алуы жүргізеуда, отандық өнім берушілер арасында жүргізілетін сатып алу белгісін қоймау, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілерді негізсіз жіберу және қабылдамау бойынша бұзушылықтарға жиі жол беріледі.

А.ТАСТЕКЕЕВА,
Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті камералдық бақылау бөлімінің басшысы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Боке» ЖШС Абай облысындағы лицензиялық учаскеде (4 блок) қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобасы (жол берілетін шығарындылар нормативтері), «Боке» ЖШС-нің төрт блогының М-44-103-(10е-5В-4), М-44-103-(10е-5В-5), М-44-103-(10в-5г-24), м-44-103-(10в-5г-25) шекара шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау учаскесі бойынша 2026-2030 жж. арналған қалдықтарды басқару бағдарламасына, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. жұмыс учаскесінің ауданы 8,983 км² құрайды. Координаттары: 1. 49° 11' 0.00» СШ, 81° 28' 0.00» ВД, 2. 49° 11' 0.00» СШ, 81° 30' 0.00» ВД, 3. 49° 09' 0.00» СШ, 81° 30' 0.00» ВД, 4. 49° 09' 0.00» СШ, 81° 28' 0.00» ВД.

Тыңдаулар өтеді: 18 желтоқсан 2025 ж., сағат 12:00-де: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а.о. Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ғимаратында (офлайн).

Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Абай облысы, Жарма ауданы Ақжал ауылы.

Бөке, Ақжал ауылдарының тұрғындары үшін қо-

ғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал ауылдарынан көлікті жөнету уақыты сағат 10:30-да, 18.12.2025 ж.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Зеленый мост» ЖШС, Астана қ., Тұран даңғылы, 59/2, НП 12, тел. +7 (7172) 98-68-07, БСН 130340015103, E-mail: muhambetov@green-bridge.kz.

Қоғамдық тыңдаулар бейнеконференцияларға онлайн қосылу Zoom арқылы мүмкін болады, Жаңаөзен ауылындағы қоғамдық тыңдауларға қосылу үшін сілтеме, 18 желтоқсан 2025 ж.

<https://us06web.zoom.us/j/7150968585?pwd=rmxkrjPrOPbIfObWQWzHEmCRrCxE.1&omn=82668334709>

Конференция идентификаторы: 715 096 8585

Кіру коды: 12aGai

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты сұрауға болады: E-mail: miheenko@green-bridge.kz, тел.8-705-101-00-12.

Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізу басталатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады (<https://hearings.ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, тел. 8(7222) 35-45-35 мекенжайы бойынша «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ:

E-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru

«Бөке» ЖШС жобалық құжаттама Абай облысындағы лицензиялық учаскеде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына эмиссиялар нормативтерінің жобасы (10 блок) бойынша 2026 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған қоғамдық тыңдаулар, Абай облысындағы лицензиялық учаскеде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына (10 блок) қалдықтарды басқару бағдарламасы (ЖБББ) 2026 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге, Абай облысындағы лицензиялық учаскеде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына (ПЗК) (10 блок) 2026 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған., 2026-2030 жылдарға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. жұмыс учаскесінің ауданы 24,73 км² құрайды.

Координаттары: 1. С. Е. 49° 8 '0.00»; Ш. Б. 81°37 '0.00», 2. С. Е. 49° 8 '0.00»; Ш. Б. 81°38 '60.00», 3. С. Е. 49° 7 '0.00»; Ш. Б. 81°38 '60.00», 4. С. Е. 49° 7 '0.00»; Ш. Б. 81°44 '0.00», 5. С. Е. 49° 5 '60.00»; Ш. Б. 81°44 '0.00», 6. С. Е. 49° 5 '60.00»; Ш. Б. 81°42 '0.00», 7. С. Е. 49° 5 '0.00»; Ш. Б. 81°42 '0.00», 8. С. Е. 49° 5 '0.00»; Ш. Б. 81°40 '0.00», 9. С. Е. 49° 5 '60.00»; Ш. Б. 81°40 '0.00», 10. С. Е. 49° 5 '60.00»; Ш. Б. 81°37 '0.00».

Тыңдаулар өтеді: сағат 11:00-де 2025 жылғы 18 желтоқсанда: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а.о. Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ғимаратында (офлайн). Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Абай облысы, Жарма ауданы Бөке ауы-

лы. Бөке, Ақжал ауылдарының тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал ауылдарынан көлікті жөнету уақыты сағат 10:30-да, 18.12.2025 ж.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Бөке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Зеленый мост» ЖШС, Астана қ., Тұран даңғылы, 59/2, НП 12, тел. +7 (7172) 98-68-07, БСН 130340015103, E-mail: muhambetov@green-bridge.kz.

Қоғамдық тыңдаулар бейнеконференцияларға онлайн қосылу Zoom арқылы мүмкін болады, Жаңаөзен ауылындағы қоғамдық тыңдауларға қосылу үшін сілтеме, 18 желтоқсан 2025 ж. <https://us06web>.

[zoom.us/launch/edl?muid=e283755a-d6a9-4ac9-93d7-a42df54c5b93](https://us06web.zoom.us/j/launch/edl?muid=e283755a-d6a9-4ac9-93d7-a42df54c5b93)

Конференция идентификаторы: 715 096 8585

Кіру коды: 12aGai

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты сұрауға болады: E-mail: muhambetov@green-bridge.kz, тел.8-776-166-93-47.

Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізу басталатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады (<https://hearings.ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, тел. 8(7222) 35-45-35 мекенжайы бойынша «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ:

E-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Семей қаласының қалалық Мәдениет Сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры бос қызмет орнына орналасуға конкурс жариялайды.

Кәсіпорны қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

- мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;
- халық шығармашылығын, этномәдени дәстүрлер мен салттарды сақтау, насихаттау, оларды қазіргі заманғы тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеу;
- Қазақстан Республикасында атап өтілетін мерекелерді, концерттерді, ән мен би мерекелерін, тусәукесерлерді, фестивальдерді, конкурстарды, айтыстарды, халықтық қолданбалы және бейнелеу өнері көрмелерін ұйымдастыру;
- ғылыми-практикалық, ақпараттық-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;
- мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығындағы озық тәжірибені зерделеу, жинақтау, көпшілікке тарату, оны енгізу және тарату;
- этномәдени бірлестіктерді қолдау;
- ұлттық мәдени орталықтармен жұмыс жасау;

Мәдени - демалыс қызметі саласындағы инновациялық жобалар мен бағдарламаларды, ұлттық мәдениеттерді сақтауға және дамытуға бағытталған түрлі мәдени акцияларды, бастамаларды қолдау.

Лауазымдық міндеттері:

- қалалық мәдениет үйінің қызметіне басшылық етеді;
- шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруды, жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- байқаулар мен фестивальдарды, халық шығармашылығы конкурстарын, көркемөнерпаз жетекшілерінің семинарларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді.
- ұлттық -мәдени орталықтармен жұмыс атқарады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын кәсіби талаптар:

«Гуманитарлық ғылымдар» (музыкалық білім, мәдениет тану), «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (мемлекеттік және жергілікті басқару) бойынша жоғары

(немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мәдениет саласындағы басшылық лауазымдарында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Талапкерлер біліуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Бюджет кодексі», Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік процесі» кодексі, Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңдарын және берілген санаттағы нақты лауазымға сәйкес саладағы қатынасты реттеуші Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін міндетті түрде білу.

Қажетті құжаттар тізімі:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш.
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін.
3. Кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке іс-парағы, өмірбаян.
4. Нотариуспен немесе өзге де заңнамамен белгіленген тәртіппен куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмесі.
5. Нотариуспен немесе өзге де заңнамамен белгіленген тәртіппен куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі.
6. Денсаулық жағдайы туралы анықтама.
7. Мемлекеттік және орыс тілдерінде тұйіндеме.
8. 3x4 фотосурет (2 дана).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар «Семей таңы», «Вести Семей» газетінде, Семей қаласы әкімінің ресми интернет-ресурсында конкурс жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тапсырылуы қажет:

Семей қаласы, Абай көшесі 97, Анықтама телефоны: 8 (7222) 36-09-35, 87474701889

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор – Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактор – Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары – жауапты хатшы Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № К249VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып-жару баспасы» «Рекламный» дайықтау агенттігі ЖШС (Семей қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақалалардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің қуырында. Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабилдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс -